"ЖАСТАРДЫ ҚҰР ЖИНАУ ЕМЕС, ОЛАРДЫҢ ҮНІН ЕСТУ КЕРЕК..."

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№47 (1854) 26 қараша 2026 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Елімізде жастар саясатына айрықша көңіл бөлініп келеді. Бұған дейін де жастардың түрлі ортада пікір білдіріп, әлеуметтік мәселелерді алға тартып, елдегі өзекті деген проблемаларға қатысты ойларын жеткізіп те жүргендері белгілі. Бүгінде жас ұрпақтың сапалы білім алуына, жұмыспен қамтылуына, кәсіпкерлікпен айналысуына, баспана мәселесін шешуіне және қоғамдық өмірге белсенді араласуына бағытталған түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Дегенмен жастар арасында әлі де шешімін күткен мәселелер аз емес. Құрылтай жанынан Жастар кеңесінің құрылуы да осы мақсатты алға тартса керек.

2026 жылғы 18 қарашада Құрылтай отырысында Жастар кеңесін құру туралы шешім қабылданды. Бастаманы таныстырған депутат Дана Медеуова Қазақстандағы жастардың әлеуметтік жобалар ұсынып, ел дамуына қатысты мәселелерді көтеріп жүргенін, алайда олардың бастамаларының бір бөлігі жеке-жеке қалып, республикалық деңгейде қажетті қолдау ала бермейтінін атап өтті. Оның айтуынша, жаңа кеңес жастардың бастамаларын біріктіріп, оларды Құрылтаймен тікелей байланыстыратын тұрақты диалог алаңына айналуы тиіс.

Бұл туралы Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Дана МЕДЕУОВА:

– Бүгінде Қазақстанда 6 миллионға жуық жас азамат тұрады. Жастар қоғамдық өмірге белсенді араласып, әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып, жаңа идеялар ұсынып, еліміздің дамуына қатысты өзекті мәселелерді шешуді ұсынады. Сонымен бірге бұл бастамалардың әлеуеті әрдайым толық жүзеге аса бермейді. Олардың көпшілігі жеке-жеке қалып, республикалық деңгейге шығу үшін қажетті қолдауға ие болмай отыр. Осыған байланысты жас азаматтардың бастамаларын біріктіруге, оларды жүйелі түрде ілгерілетуге және жастардың Құрылтаймен тікелей байланысын жолға қоюға мүмкіндік беретін тұрақты диалог алаңын құру қажеттігі туындады, – деді.

Президент Қасым Жомарт Тоқаевтың жастар туралы дәйек сөздері:

• «Мен біздің жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті Мағжан ақынның "Мен жастарға сенемін" деген сөзін үнемі айтамын».

• «Еліміздің тағдыры – жастардың қолында».

• «Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші».

• «Болашақ Қазақстан жастарының қолында. Аз уақыттан кейін елді басқару сіздердің еншілеріңізге тиеді».

• «Елді сүю дегеніміз – халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастау».

• «Жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн».

• «Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін».

Жастар кеңесінің басты мақсаты – белсенді әрі бастамашыл жастарды біріктіріп, олардың елдің қоғамдық өміріне араласуына мүмкіндік жасау. Сондай-ақ жас ұрпақты Қазақстанның дамуына үлес қосуға, қоғамдық ортаға бейімделіп, түрлі өзекті деген мәселелерді кең көлемде талқыға салуға мүмкіндік береді. Кеңес жұмысының жеке бір бағыты халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытуға, қазақстандық жастардың бастамаларын халықаралық алаңдарда ілгерілетуге арналады.

Осы орайда, Кеңес құрамына кімдер кіреді деген сауалдың болуы да заңдылық. Жоспарға сәйкес, Құрылтай депутаттары, жастар ұйымдары мен бірлестіктерінің өкілдері, әр өңірдің белсенділері және түрлі кәсіби саладағы жас мамандар құрамға бекітіледі. Жастар кеңесінің құрамына тек белгілі бір салада танылған азаматтар ғана емес, жаңа идеясы бар, бастамашыл, елдік мәселелерге бейжай қарамайтын жас буын өкілдері енсе, кеңестің ауқымы кеңейе түспек.

Негізгісі жастарды жинау емес, олардың үнін есту болып табылады. Қала мен ауыл жастарының айтарлары да, көтерер мәселелері де, ұсыныстары да түрліше болады. Сондықтан, әрбірін жекелей тыңдап, оларға тиесілі мәселелер назардан тыс қалмауы тиіс. Әлбетте, Құрылтай жанынан құрылатын Жастар Кеңесінің бір артықшылығы да осыда болса керек. Жоспарға сәйкес еліміздің барлық облыс, қалаларынан тыс, ауылдар мен шалғай аудандардағы жастардың бастамалары мен ұсыныстары да назарға алынбақ.

ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ДӘУІРІ ӨТТІ МЕ? БҮГІНГІ БУЫННЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Бір кезеңде жастар ұйымдарының сәйкесінше оларға мүшелік ететін жастардың саны да аз болған жоқ. «Жастар рухы», «Жасыл ел» студенттік қозғалыстары, жастар мәслихаттары, волонтерлік бірлестіктер мен түрлі қоғамдық ұйымдар жас буынның басын қосып, түрлі жобаларды бірлесіп жүзеге асырды. Олар жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырумен қатар, қоғамдық жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етті. Жастардың әлеуметтік жобаларға қатысуы, қайырымдылық шараларын өткізуі, экологиялық акцияларға араласуы, ауыл-аймақтың мәселелерін көтеруі осы ұйымдардың қызметімен тығыз байланысты болды. Бұл ұйымдар тек мәдени-көпшілік шаралар өткізумен шектелмей, жастардың көшбасшылық қабілетін қалыптастыруға, азаматтық ұстанымын дамытуға, қоғамдағы өзекті мәселелерге араласуына мүмкіндік берді. Сол уақыттары жастар әр жобаның жүйелі жүзеге асуына жұмыла атсалысып, өз үлестерін қосқанға және әр бастамадан өздері үшін тәжірибе жинақтағандарына да риза болысатын. Алайда, бүгінгі жастардың бойынан осындай қадамдарды аңғарамыз ба?! Ол өз алдына бөлек тақырып... Шын мәнінде, жастардың қызығушылығы мен қоғамдық белсенділікке деген көзқарасы жаңарды. Неге десеңіз, бүгінгі жастар әр қадамдарын «құнсыздандырғылары» да келмейтіні белгілі.

Себебі, бүгінде де жастар ұйымдарының маңызы жойылған жоқ. Қазақстанда республикалық және өңірлік жастар ұйымдары, жастар ресурстық орталықтары, волонтерлік қозғалыстар мен қоғамдық бірлестіктер жұмыс істеп келеді. Дегенмен олардың жұмысын тек «ұрандатқан форумдар», кездесулер мен акциялардың санымен бағалау жеткіліксіз. Ең бастысы, жастардың нақты мәселелерін шешуге қаншалықты ықпал еткені, олардың ұсыныстарының қаншасы іске асқаны түйіткілді екені белгілі.

Жастар кеңесінің тиімділігі жастармен өткізілетін кездесулердің санымен емес, жастар көтерген мәселелердің шешілуімен өлшенуі қажет. Мысалы, жастардың баспана, жұмыспен қамту, сапалы білім, ауыл инфрақұрылымы, кәсіпкерлік және әлеуметтік мүмкіндіктерге қатысты ұсыныстары нақты шешімдерге айналуы тиіс.Егер кеңес осы аталған және өзге де өзекті мәселелерді алға тартып, мемлекеттік мекемелермен жүйелі жұмыс жүргізе алса, ол жастардың қоғамдық-саяси өмірге араласуына тікелей негіз болмақ.

Қорытындылай айтқанда, жастар ұйымдарының маңызы жойылған жоқ, бірақ олардың қоғамдағы рөлі мен жұмыс істеу тәсілі өзгерген секілді. Бүгінгі жастарды енжар деп бағалауға да болмас. Өйткені, олар волонтерлікке, әлеуметтік жобаларға, цифрлық бастамаларға және жергілікті мәселелерді шешуге қатысып жүр. Алайда бұл белсенділіктің шешім қабылдау деңгейіне жетуі әлі де маңызды мәселе болып отыр. Демек мәселелерді көтеру бір бөлек те, оның шешімі үшін жасалған әр әрекетке қолдау мен нақты іс әрекетке бағыт алғандары бір бөлек.

P.S. Құрылтай жанындағы Жастар кеңесі осы олқылықтың орнын толтыруға мүмкіндік беретін жаңа алаң болатынына уақыт көз жеткізер. Бірақ оның шынайы нәтижесі жастардың қаншасы кеңеске мүше болғанымен емес, қанша бастаманың нақты шешімге айналғанымен бағаланса игі...

А.ӘЛИАРЫСТАН

Үкімет пен әкім

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫЗ БА?

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде телекоммуникация саласын дамыту мәселесі қаралды. Бүгінде қалалар мен ауылдарды 5G байланысымен қамту кеңейтілуде. 2027 жылдың соңына қарай 3G-ден толығымен бас тарту жоспарланып отыр. Мобильді интернет еліміздегі ауылдардың 92%-ына қолжетімді болады. Сондай-ақ, республикалық және облыстық автожолдардың 40 мың шақырымын мобильді байланыспен қамтамасыз ету үшін 500-ден астам антенналық діңгек құрылысын салу керек. Үкімет жиынына облыс әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімдігінде өткен мәжілісте аталған мәселелерге орай жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

– «Біздің басты міндетіміз – өңіріміздегі әрбір елді мекенді сапалы интернетпен қамтып, тұрғындарымыз үшін қолжетімді әрі тұрақты байланыс орнату. Бұл жұмыстар формалды түрде жүргізілмеуі тиіс. Сіздерден нақты нәтиже мен көрсеткіштерді талап етемін.

Әрбір оператор өз желісінің жұмысына жауапкершілікпен қарап, өңір тұрғындарына сапалы әрі үздіксіз байланыс ұсынуға міндетті. Сондықтан ең алдымен байланыс сапасы төмен және мобильді интернет мүлдем қолжетімсіз аумақтарды анықтау қажет. Онда базалық станциялар орнату үшін нақты жоспар әзірлеп, жұмыстың мерзімі мен жауапты тұлғаларын белгілеңіздер.

Қабылданған шаралар, атқарылған жұмыстар туралы әр тоқсан сайын нақты есеп беріп отырыңыздар. Белгіленген міндеттемелердің орындалуы мен нәтижесі өзімнің тұрақты бақылауымда болады», – деді облыс басшысы Мұрат Нәлқожаұлы.

Қазір өңірдегі 222 ауылдың 207-сі мобильді интернетпен қамтылған. Ал 140 елді мекен талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосылған. Жалпы аймақта 1005 базалық станция жұмыс істейді.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында мобильді интернетпен қамтылмаған 15 ауылдың 11-і спутниктік технологиялар арқылы қосылды. Қалған 4 елді мекенді 2027 жылдың соңына дейін мобильді интернетпен қамту жоспарланған. Бүгінде 5G желісінің 158 базалық станциясы бар.

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамымен бірлесіп 2026-2027 жылдары 65 елді мекенді талшықты-оптикалық байланыс желісімен қамту көзделсе, қазір оның 14-іне жеткізілді. Қалған елді мекендер кезең-кезеңімен желіге қосылады.

Бұдан бөлек ұлттық жоба аясында «Қызылорда – Жезқазған» және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолдарының бойында 9 антенналық діңгек құрылысын салу жоспарланған. «Транстелеком» акционерлік қоғамымен бірлескен жұмыс нәтижесінде жыл соңына дейін оның 2-еуінің құрылысы аяқталады. Қалған 7 нысан 2027 жылы іске қосылады деп күтілуде.

Алдағы жылдың соңына дейін 129 ауылда интернетті әр үйге дейін жеткізетін «Соңғы миль» жобасы жоспарланған.

Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:

ҚОЛЖЕТІМДІ, ӘРІ ТҰРАҚТЫ БОЛУЫ КЕРЕК

– «Байланыс және интернет желілерінің дамуы мен орнықтылығы – заманауи экономиканың базалық инфрақұрылымы. Кәсіпорындардың, мемлекеттік сервистердің, денсаулық сақтау, білім беру және қаржы жүйелерінің жұмысы олардың қолжетімді болуы мен тұрақтылығына тікелей байланысты. Жалпы, телекоммуникациялық инфрақұрылым озық қарқынмен дамып, Digital Qazaqstan стратегиясын жүзеге асыру үшін негіз қалауға тиіс. Жұмыстың басты нәтижесі – азаматтар, бизнес және мемлекеттік сервистер үшін олардың орналасқан жеріне қарамастан сенімді әрі сапалы байланысты қамтамасыз ету. Мемлекет пен байланыс операторларының күш-жігері дәл осы мақсатқа бағытталуға тиіс».

«5G желілерін дамыту тек мобильді интернет жылдамдығын арттырумен шектелмей, нақты экономикалық нәтиже беруге тиіс. Қазірдің өзінде өнеркәсіп орындарында 5G жекеменшік желілерінің жобалары жүзеге асырылуда. Бұл технологиялар пилотсыз техниканы енгізуге, өндірісті автоматтандыруға және жұмысшылардың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда әзірге мұндай шешімдер жекелеген нысандарда ғана қолға алынған. Оларды өнеркәсіпте, көлік саласында және экономиканың басқа да секторларында кеңінен қолдануды қамтамасыз ету қажет».

Үкімет басшысының орынбасары - жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан МӘДИЕВ:

ТАРИФТЕР ХАЛЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІ, АЛ БАЙЛАНЫС ИНВЕСТОРЛАР ҮШІН ТАРТЫМДЫ БОЛУЫ КЕРЕК

- «Елімізде ауылдардың арасы алшақ. Оптикалық желі тарту қиын шалғай ауылдарды спутниктік интернетке қосып жатырмыз. Бұл – цифрлық теңсіздікті азайтудың бір жолы. 1 қазанда OneWeb және Starlink спутниктік байланыс операторларына лицензия берілді. Beeline және Starlink Mobile компанияларымен бірге Direct-to-Cell технологиясын іске қостық. Смартфон спутникке тікелей қосылады. Соның арқасында еліміздің кез келген жерінен хабарлама жіберіп, интернеттің негізгі қызметтерін пайдалануға болады. Қызмет Android құрылғыларында қолжетімді. Оны iOS жүйесіне де бейімдеп жатырмыз. Келесі жылы Қазақстан нарығына Shanghai Spacecom Satellite Technology және Amazon LEO шығады деп күтілуде. Нәтижесінде Қазақстан осы төрт оператордың да жерүсті стансалары орналасқан Орталық Азиядағы алғашқы ел болмақ. Стансалардың ел аумағында орналасуы ұлттық қауіпсіздік талаптарына сай келеді.

Жол үстінде де интернет қолжетімді болуы керек. Көлікті, туристік нысандарды және шекарадағы өткізу пункттерін желіге қосып келеміз. Air Astana бір ұшағын OneWeb спутниктік интернетіне қосты. Келесі жылы тағы 20 ұшақты қосу жоспарлануда.

ҚТЖ-ның 1 500 жолаушылар вагонында Starlink спутниктік желісі арқылы Wi-Fi қолжетімді. Биыл туристер жиі баратын 10 локация мобильді интернетке қосылды. Келесі жылы тағы 50 локацияны қосу жоспарлануда. Шекарадағы өткізу пункттерінің барлығы оптикалық желі және спутниктік байланыс арқылы интернетпен қамтылды».

– «Енді мобильді интернеттің бағасына тоқталайын. Қарашадағы рейтингте Қазақстан интернеті жылдам 55 елдің арасында мобильді интернет тарифінің қолжетімділігі жағынан 7-ші орында тұр. Елімізде мобильді байланыстың орташа тарифі – айына шамамен $10. Әлемдік орташа көрсеткіш – $27. Яғни, еліміздегі тариф үш есеге жуық арзан. Интернет-трафик өсіп келеді. Байланыс жылдамдығын арттырып, 5G желісін кеңейту үшін операторлар желіге инвестиция салуы керек. Балансты сақтау маңызды. Тарифтер халыққа қолжетімді, ал байланыс саласы инвесторлар үшін тартымды болып қалуы тиіс».

Үкімет жиынынан

«ҚЫЗЫЛОРДА – ЖЕЗҚАЗҒАН»: ЖОЛ ЖҮРУ УАҚЫТЫ ЕКІ ЕСЕГЕ ҚЫСҚАРАДЫ

Ресми ақпарат: Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Көлік министрі Әсел Жанасова Ұлытау облысындағы ұзындығы 208 шақырым болатын Қызылорда – Жезқазған автожолының реконструкцияланған соңғы учаскесінде көлік қозғалысын ашты. Еліміздің оңтүстік және орталық өңірлерін байланыстыратын жалпы ұзындығы 400 шақырымға жуық жолды реконструкциялау жұмыстары толық аяқталды.

Қызылорда – Жезқазған автожолын реконструкциялау Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылды. Президент 2026 жылдың соңына дейін жолдың бүкіл ұзындығы бойынша көлік қозғалысын ашуды тапсырған болатын.

Жоба аясында 4 млн. текше метрге жуық топырақ жұмыстары жүргізіліп, 1 млн. тонна құм мен қиыршықтас қоспасы, сондай-ақ 650 мың тонна ұсақталған тас пен құм қоспасы пайдаланылды және 1,3 млн. тонна асфальтбетон төселді. Сонымен қатар төрт көпір, 78 су өткізу құбыры және мал айдап өтуге арналған 18 өткел салынды. Құрылыс жұмыстарына 1,2 мыңға жуық маман мен 800 бірлік техника жұмылдырылды.

«Қызылорда – Жезқазған жобасы – Мемлекет басшысының көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларының нақты нәтижесі. Қызылорда – Ақтөбе, Қарағанды – Жезқазған және Арал – Каспий бағыттарындағы жобалармен бірге оңтүстік, орталық және батыс өңірлерді байланыстыратын заманауи көлік желісін қалыптастырып жатырмыз. Біз жай ғана жол салып жатқан жоқпыз, ел экономикасының көлік негізін қалыптастырудамыз», — деді Әсел Жанасова.

Өткен жылы Қызылорда облысындағы ұзындығы 192 шақырым болатын қайта жаңғыртылған учаскеде көлік қозғалысы ашылған еді. Ал Ұлытау облысындағы учаскенің пайдалануға берілуі Қызылорда – Жезқазған автожолын жаңғырту жұмыстарының толық аяқталғанын білдіреді.

Бұған дейін жолдың жағдайы сын көтермей, ұзақ жылдар бойы елдегі күрделі көлік бағыттарының бірі болып келді. Оны қайта жаңғырту өңірлер арасындағы қатынасты жақсартуға, жол қауіпсіздігін арттыруға және жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жаңартылған жол жол жүру уақытын қысқартып, жолаушылар мен жүк тасымалының сапасын арттырады. Сондай-ақ өңірлер арасындағы көлік қатынасын жақсартып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін береді.

АЯЛДАМА ЖОҚ, АДАМ БАР...

2-бетте

АЯЛДАМА ЖОҚ, АДАМ БАР...

Шетте тұратын халықтан Қызылордада бүгін ең үлкен проблема қандай деп сұрасаңыз, олар бірауыздан «Аялдама жоқ» дейді.

Расында бүкіл шеткі шағын аудандар осы азапты көріп отыр.

Орталықта бәрі бар. Аялдама бар, оның шатыры бар, жарығы бар. Ал шетке шықсаңыз, мәселен Саяхатқа барыңызшы, КБИ-ге барыңызшы, Тасбөгетке, Әл-Фарабиге барыңызшы. Онда не көресіз? Жол бар, аялдама жоқ. Белгі жоқ. Аяқжол жоқ. Тек шаң, тек батпақ, тек жолдың шетінде тұрған адамдар ғана бар.

Шындығында, аялдама - қаланың айнасы. Аялдамаға қарап, сол қаладағы биліктің халыққа деген қарым-қатынасын көруге болады.

Аялдамасы таза, жарығы, шатыры бар, орындығы бар аялдамасы бар қалада билік халықты сыйлайды деген сөз. Ал аялдамасы жоқ, белгісі жоқ, адамдары жаңбырда жолдың шетінде тұрған қалада билік халықты сыйламайды деген сөз.

Біздің Қызылорданың айнасына қараңызшы. Орталығы жылтырап тұр. Ал шеті шаң басып тұр. Шетіндегі айна сынған. Себебі шетіндегі халыққа қарағаң ешкім жоқ.

Таңертеңнен дірдектеп балабақшаға, мектепке бала жетектеген ана мен баланың жан қиналысын түсіну үшін оны сезініп көру керек. Олар аялдама іздейді. Аялдама жоқ, қорған жоқ. Ақыры «Осы жерден автобус өтеді» деп жолдың шетінде тұра қалады. Басқа амалы жоқ.

Құдайына қарағаң жүргізуші болмаса, автобустар да тоқтамай кете салады. Тоқтағандары: «аялдамаға ғана тоқтаймын, заң солай. Мен де бала-шағамның аузынан жырып 21 мың теңге штраф төлегім келмейді» дейді.

Дұрыс. Заң солай. Бірақ аялдама қайда? Аялдаманы көрсетіңізші! Тікелей шопырларды кінәлаймыз, алайда кінә аялдама салмаған жүйеде болып тұр ғой.

Сонда заң кім үшін шыққан? Автобус үшін бе, әлде халық үшін бе?

Егер заң халық үшін шыққан болса, онда алдымен халыққа аялдама салынуы керек еді. Аялдама жоқ жерде заңды орындауды талап ету, бұл халықты жазалау. Ал заң автобус үшін шыққан болса, онда халық қайда қалады? Халық жолдың шетінде қала бере ме?

Заң халықты қорғау үшін керек. Ал бізде заң халықты қорғамай, халықты қинап тұр.

Шындықты айтайықшы. Автобуста бай-бағлан жүрмейді. Автобуста бастық жүрмейді. Автобуста депутат жүрмейді. Автобуста жылы кабинетте отырған шенеунік жүрмейді.

Автобуста бала-шаға жүреді. Автобуста әлеуметтік осал топтар жүреді. Автобуста зейнеткерлер жүреді. Автобуста көпбалалы ана жүреді. Автобуста жұмысқа асыққан қарапайым адам жүреді. Яғни, автобуста елдің ең қорғансыз бөлігі жүреді.

Соларға жағдай жасаудың орнына, біз оларды далада қалдырдық. Жаңбырдың астында қалдырдық. Қардың астында қалдырдық. Жолдың шетінде қалдырдық.

Ал сайлау келгенде ше?

Міне, ең ащы жері осы. Сайлау келгенде бәрі өзгереді. Кенеттен бізді еске алады. Кенеттен біздің үйімізді табады. Кенеттен біздің есігімізді қағады.

Мәслихат депутаттарын сайлауға шақыру хабарламасын әрбір адамға жіберіп отыруға қанша қаражат жұмсалады, білесіздер ме? Әрбір үйге хат барады. Әрбір адамға смс келеді. Әрбір көшеге плакат ілінеді. Демек үгіт-насихатқа миллиондар жұмсалады.

Бізді сайлауға шақыруға ақша табылады. Біздің дауысымызды алуға ақша табылады. Біздің есігімізді қағуға адам табылады. Ал бізге бір аялдама белгісін қойып беруге ақша табылмай ма? Ең құрығанда, бір темір бағана, бір «Аялдама» деген белгі қоюға ақша жоқ па?

Бұл қалай? Сайлауға шақыруға ақша бар, ал аялдамаға ақша жоқ па?

Түптеп келгенде, адамның қадірін білмейтін депутатты кім сайлағысы келеді? Халық жолдың шетінде жаңбырда тұрғанда, кабинетте отырып, ешнәрсе істемеген депутатты кім жақсы көреді? Ең құрығанда аялдама белгісін қойып беруге ықпал ете алмайтын халық қалаулысының кімге керегі бар?

Депутат деген кім? Депутат – халықтың мұңын айтатын адам. Егер депутат өз округіне бір аялдама белгісін қойдыра алмаса, ол қандай депутат? Ол кімнің өкілі?

Тағы бір шындықты айтайықшы. Көп жағдайда билікте отырғандардың, депутаттардың өз кәсіптері бар. Сайланған соң олар халықтың мәселесін шеше ме? Жоқ. Өз кәсіптерін жүргізіп, дамытып отырады. Бизнесін кеңейтеді, қалтасын қалыңдатады.

Ал халықтың аялдамасы әлі жоқ. Халықтың аяқжолы әлі жоқ. Халықтың жолы әлі батпақ.

Халық оларды не үшін сайлады? Халықтың аялдамасын салсын деп сайлады. Халықтың жолын жасасын деп сайлады. Халықтың мұңын айтсын деп сайлады. Ал олар халықтың дауысымен маслихатқа сайланып алып, халықты ұмытып, өз бизнесін ойлап кетті. Бұл сатқындық емес пе? Бұл халықты алдау емес пе?

Сайлаудың алдында: «Мен халық үшін жұмыс істеймін» деп, қолын жүрегіне қояды. Сайлаудан кейін: телефон өшірулі, кабинет жабық, халық ұмытылады. Ал бизнесі жүріп тұрады.

Халық оны іздейді. Халық аялдама сұрайды. Халық аяқжол сұрайды. Ал ол: «Бюджетте ақша жоқ» дейді. Бюджетте ақша жоқ болса, сайлауға шақыруға, плакат басуға, үгіт жүргізуге ақша қайдан табылды? Сол ақшаға қанша аялдама белгісін қоюға болар еді?

Бір плакаттың ақшасына бір аялдама белгісі тұрған болар еді. Бір үгіт парақшасының ақшасына бір орындық тұрған болар еді. Бірақ олар аялдама емес, дауыс жинауды таңдайды.

Жалпы, биліктегілер сіздер таңертең жылы машинаға отырасыздар. Балаңызды жылы машинамен мектепке апарасыздар. Сіздер автобус күтіп көрген жоқсыздар. Сіздер аялдама жоқ жерде жолдың шетінде тұрып көрген жоқсыздар. Сондықтан сіздер бізді түсінбейсіздер.

Ал біз сіздердің машиналарыңызға салық төлеп отырмыз. Біз сіздердің жалақыларыңызды төлеп отырмыз. Бір күн ғана машинадан түсіп, шетке шығып көріңіздерші. Балаларыңызбен бірге автобус күтіп көріңіздерші. Сонда түсінесіздер. Жол азабын жүрген ғана білетінін...

Біз көп нәрсе сұрамаймыз. Біз сарай сұрамаймыз. Біз алтын сұрамаймыз. Біз Астанадағыдай жылуы бар, жылы аялдама керек деп отырған жоқпыз.

Біз тек Конституция бойынша барлық адамның құқығы тең болуы қажет делінген теңдік сақталсын дейміз.

Астанадағы бала да, Қызылорданың шетіндегі бала да осы мемлекеттің баласы. Орталықтағы адам да, шеттегі адам да осы елдің азаматы. Неге біреуіне жылы аялдама, енді біреуіне аялдама белгісі де бұйырмайды? Неге біреуінің құқығы бар, біреуінің құқығы жоқ?

Конституцияда «барлық адам заң мен сот алдында тең» деп жазылған. Сонда біздің теңдігіміз қайда? Біздің аялдамадағы теңдігіміз қайда? Біздің жолдағы теңдігіміз қайда?

Біз тек мынаны сұраймыз: қызметтік мүмкіндігіңізді пайдаланып шетаймақтарға стандартқа сәйкес аялдама белгісін қоюға ықпал етуді қолға алыңызшы. Халық аялдама таппай әуре болмасын, титықтамасын, азарланбасын.

Аялдамалардың арасын заңдағыдай етіңізші. 2 шақырым емес, 400-800 метр болуын қадағалаңызшы. Жолдарға аяқжол салыңызшы. Баламыз жолдың шетімен өлімге тігіліп жүрмесін. Аялдамаға кішкене шатыр, бір-екі орындық қойыңызшы. Шопырды жазалай бермей, алдымен оған жағдай жасаңызшы...

Ең бастысы: депутаттар, сайлаудан кейін де халықты ұмытпаңыздаршы. Сіздерді сайлаған халық, сіздерге сенген халық. Сол халық бүгін жолдың шетінде тұр. Өз бизнесіңізді емес, өз халқыңызды ойлаңызшы...

Осыны істеу қиын ба? Осыны істеу үшін миллиард керек пе? Жоқ. Ол үшін тек жүрек керек. Тек адамды адам деп көру керек...

Өмір алма-кезек дейді. Әр пенде өмірге келгенде бір-біріне себепші болып жаратылады екен. Биліктегі сенім артқан азаматтар, ертеңгі күні сіздің де ұрпағыңыз осындай жағдайға кезікпесіне кім кепілдік береді? Сондықтан халықты жанқиналысына түсірудің жөні жоқ.

Бұл мақала бір адамның шағымы емес. Бұл Қызылорданың шетінде тұратын мыңдаған адамның үні. Егер бүгін біз үнсіз қалсақ, ертең де аялдамасыз қаламыз. Ертең де баламыз жолдың шетінде тұрады. Сондықтан біз барлық қызылордалыққа айтамыз: осы мәселені айтудан қорықпайық. Бұл - біздің құқығымыз.

Сайлауда дауыс бererде, ойланайықшы, бізге аялдама белгісін де қойдыра алмаған, өз кәсібін ғана ойлаған депутатқа дауыс берудің керегі бар ма? Біздің қадірімізді білмеген адамға дауыс берудің керегі бар ма?

Аялдама жоқ жерде адам қадірі де жоқ. Ал адам қадірін білмеген депутаттың халық алдында абыройы да болмайды. Біз әлі күтіп отырмыз. Жолдың шетінде. Баламызды құшақтап. Үлкен үмітпен…

Р. САДУОВА

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫҢЫЗ – МҮМКІНДІКТЕР КӨП, ТАҢДАУ МОЛ

2026 жылғы 2 желтоқсанда «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ, Қор) барша ниет білдірушілерді «Ашық есік күні» дәстүрлі онлайн-кездесуіне шақырады. «Зейнетақы жинақтарыңыз – мүмкіндіктер көп, таңдау мол» тақырыбындағы кездесуде Қор мамандары зейнетақы заңнамасындағы өзекті өзгерістер, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын басқару және пайдалану мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат береді.

Қазақстанның зейнетақы жүйесі дамып, заңнама жетілдірілген сайын азаматтардың өз зейнетақы жинақтарын басқару мәселелеріне белсенді қатысуына мүмкіндік беретін тетіктер де кеңейіп келеді. Бүгінде салымшылар өз жинақтарын толық немесе ішінара жеке инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады. Сондай-ақ қаржылық мақсаттарына, инвестициялау мерзіміне және тәуекелге дайындығына қарай өздеріне қолайлы инвестициялық портфельді таңдауына, белгіленген талаптарды сақтай отырып, сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасуына, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатында бір жолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдалануына болады.

Азаматтардың өз зейнетақы құқықтары мен мүмкіндіктерін жақсы түсініп, зейнетақы жинақтарын басқарудың түрлі құралдарының ерекшеліктерінен хабардар болуы және саналы шешім қабылдауы маңызды. Осы мақсатта БЖЗҚ сіздерді «Ашық есік күніне» қатысуға шақырады. Кездесу барысында Қор мамандары қажетті ақпарат беріп, қолданыстағы тәртіптерді түсіндіреді және қатысушылардың барлық сұрақтарына жауап береді.

Кездесу барысында сіздер:

- Зейнетақы заңнамасына азаматтардың зейнетақы активтерін басқаруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге байланысты қандай өзгерістер енгізілгенін;
- Салымшылардың зейнетақы жинақтарын басқару үшін қандай құралдарды пайдалана алатынын;
- басқарушы компания мен инвестициялық портфельді қалай таңдау керектігін, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру тәртібін;
- басқарушы компанияны таңдау кезінде өз бетінше талдау жүргізу үшін салымшыларға қандай ақпарат қолжетімді екенін;
- зейнетақы активтерін қорғау үшін қандай тетіктер қарастырылғанын;
- зейнетақы аннуитеті дегеніміз не, оны кімдер және қандай жағдайларда рәсімдей алатынын;
- тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу үшін зейнетақы жинақтарын қандай талаптар мен шарттар негізінде пайдалануға болатынын біле аласыздар.

Іс-шара онлайн форматта өтеді. Қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, Қор мамандарынан қажетті түсіндірмелер мен жеке кеңес ала алады. Мұндай форматтың басты артықшылығы – әлемнің кез келген нүктесінен онлайн қосылып, өзекті ақпаратты тікелей мамандардан алу мүмкіндігі.

Айта кетейік, БЖЗҚ Қазақстан халқының қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Биылғы 9 айда ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 44,6 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оларға 880,1 мың адам қатысты. Кезекті «Ашық есік күні» – осы бағыттағы жүйелі жұмыстың жалғасы.

Бұл іс-шара салымшылар үшін де, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты тақырыптарды ақпараттық кеңістікте жариялап жүрген журналистер үшін де пайдалы болады деп сенеміз.

Іс-шараға қатысу үшін алдын ала тіркелу қажет. Белгіленген уақытта төмендегі сілтеме арқылы онлайн-кездесуге қосылуларыңызды сұраймыз: (https://enpf.webex.com/weblink/register/r238dd42d530befb4d39a4a7ce116f081).

Event-кеңес нөмірі: (2515 721 9142). Event-кеңестің құпиясөзі: (WSnu).

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ

Тіл – әрбір ұлттың жаны, рухани байлығы, тарихы мен мәдениетінің айнасы. Ана тілі арқылы халықтың болмысы, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен ұлттық құндылықтары ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – елдігімізді нығайтудың маңызды бағыттарының бірі.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оның мемлекеттік мәртебесі еліміздің Конституциясында бекітілген. Мемлекеттік тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – тәуелсіздігіміздің айқын белгісі, ұлттық бірегейлігіміздің негізі.

Бүгінде қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі қолданыс аясын кеңейтуге ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекеттік мекемелерде, білім беру ұйымдарында, сот және құқық қорғау салаларында қазақ тілінде іс жүргізу, ресми құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу жұмыстары жүзеге асырылып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін арттыруға ықпал етеді. Әсіресе, мемлекеттік қызметшілер мен әрбір азаматтың мемлекеттік тілге деген құрметі маңызды. Қазақ тілінде сауатты сөйлеп, іс қағаздарын дұрыс жүргізу, күнделікті өмірде ана тілімізді кеңінен қолдану – баршамызға ортақ міндет.

Тілді дамыту тек мемлекеттік органдардың жұмысы емес, ол әрбір азаматтың жауапкершілігі мен белсенділігіне байланысты. Жас ұрпақтың бойына ана тіліне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қазақ тілінің қадір-қасиетін түсіндіру – болашақ алдындағы маңызды міндет.

Қорытындылай келе, мемлекеттік тілдің мәртебесі – ұлттың мәртебесі. Тілімізді құрметтеу арқылы тарихымызды, мәдениетімізді және ұлттық болмысымызды құрметтейміз. Ана тіліміздің абыройын асқақтатып, оның қолданыс аясын кеңейту – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Тіл тағдыры – ел тағдыры. Мемлекеттік тілге деген құрмет елге деген құрметтен басталады.

Жанар Жамалдинқызы ПАЗЫЛОВА
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІНІҢ МАҚСАТЫ

Ағымдағы жылдың 12 қарашасында Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қаржылық есептілік аудиті бөлімінің басшысы Рақым Азамат Махамбетұлы «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында қаржылық есептілік аудитінің мәні мен маңызы, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері жан-жақты талқыланды.

Атап айтқанда, аудиттің негізгі мақсаты – қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен анықтығын тексеру, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметіне объективті баға беру, сондай-ақ мүдделі тараптарға сенімді ақпарат ұсыну керек екендігі түсіндірілді.

Сонымен қатар мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қамтамасыз етуі тиіс екендігі айтылды.

Қаржылық есептілік аудиті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 15мамырдағы №230 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №272 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есптілік аудиті» рәсімдік стандарттары, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығының талаптарына және ұсынылған құжаттарға сәйкес жүргізілетіндігі атап өтілді.

Семинарға қатысушылар белсенді түрде пікір алмасып, қойылған сұрақтарға жауаптар алды. Бұл іс-шара тыңдаушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға және аудит саласындағы теориялық әрі практикалық білімдерін тереңдетуге ықпал етті.

А. РАҚЫМ
Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Қаржылық есептілік аудиті бөлімінің басшысы

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев облыс әкімімен және құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге Арал және Қазалы аудандарының тұрғындарына жеке қабылдау өткізді. Жеке қабылдау барысында тұрғындар бірқатар құқықтық мәселелермен, оның ішінде талап қою тәртібі, заңдық маңызы бар фактілерді анықтау, банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сот орындаушылардың әрекетіне дау айту, ортақ мүлік туралы дау және өзге де мәселелер бойынша сұрақтармен жүгінді.

Тұрғындарға көтерілген мәселелер бойынша қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тиісті түсіндірмелер берілді.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қармақшы аудандық сотында Билер кеңесінің қызметін дамытуға арналған кездесу өтті. Кездесуге аудандық сотының төрағасы Қ.Мыханов, Қызылорда облыстық Билер кеңесінің төрағасы З.Нұрсейтов, судьялар С.Кожаков, А.Қазыбеков, аудандық Билер кеңесінің төрағасы Қ.Есдаулетов және аудандық Билер кеңесінің мүшелері қатысты.

Облыстық Билер кеңесінің төрағасы З.Нұрсейтов өз сөзінде билер кеңесінің негізгі мақсаты - халық арасындағы дауларды татуластыру жолымен реттеу екенін жеткізді. Сонымен қатар, қазақ қоғамдағы билер сотының тарихи рөліне тоқталып, кеңес жұмысының қағидалары мен тәртібін түсіндірді.

Аудандық соттың төрағасы Қ.Мыханов Билер кеңесінің қызметін жетілдіру бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі екенін атап өтіп, ақсақалдардың өмірлік тәжірибесі қоғамдағы дау-дамайды сотқа жеткізбей шешуге үлкен көмек беретінін айтты.

Аудандық Билер кеңесінің төрағасы Қ.Есдаулетов өз сөзінде билердің ғасырлар бойы әділдікті сақтауға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қосқан үлесіне тоқталды.

Кездесу соңында Билер кеңесінің жұмысын ұйымдастыру мәселелері талқыланып, пікір алмасты.

Қармақшы аудандық соты

БӨТЕН МҮЛІКТІ ҚАСАҚАНА БҮЛДІРГЕНІ ҮШІН ЖАЗАЛАНДЫ

Арал аудандық сотында азамат Е.-ге қатысты Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 147-1-бабының 1-бөлігі бойынша *(бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру)* әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Анықталғандай, Е. жәбірленуші А.-ның тұрғын үйінің терезесін сындырып, бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіру әрекетін жасаған.

Е.-ның құқық бұзушылық әрекеті өзінің түсінігімен және іс құжаттарымен бекітілген.

Сот отырысында жәбірленуші орын алған оқиғаны растаған. Сот қаулысымен Е. жоғарыда аталған баппен кінәлі деп танылып, оған 20 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалған.

Арал аудандық соты

МЕНШІК ИЕСІ:
«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша
2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

АУЫЛ МӘСЕЛЕСІ АЗ ЕМЕС

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың тұрғындармен кездесуі, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауы Қармақшы ауданына жұмыс сапары аясында жалғасын тапты.



Негізінен баспана, денсаулық сақтау, мал шаруашылығы, білім беру, жол жөндеу және елді мекендерді газдандыруға қатысты мәселелерді көтерген тұрғындарды тыңдаған соң, аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тапсырма берді. Өтініштер мен ұсыныстар егжей-тегжей қаралуы, заң аясында шешу жолдары зерделенуі тиіс.

Жосалы кентінің тұрғыны теміржол өткелі үстінен көпір салуға қатысты бастаманың қазіргі жайын сұрады. Аталған жобаға республикалық бюджеттен 5 млрд. 515 млн. теңге қаржы бөлуге өтінім жолданып, қаражат қарастыру жоспарланған. Қазір келісімшарт рәсімделуде.

Төретам кентінің тұрғыны тозығы жеткен көшелерді қайта асфальттау, күрделі жөндеу мәселесін қозғады. Кенттегі жалпы ұзындығы 5,84 шақырым болатын Б.Момышұлы, А.Байтұрсынұлы және К.Байсейітова көшелерінің жолын орташа жөндеу жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

«Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақтөбе, Ақжар, Тұрмағанбет, Алдашбай ахун ауылдарына газ құбыры мен кварталішілік газ тарату желілерін салу» жобасын жүзеге асыруға облыстық бюджеттен биылға 20 млн. теңге бөлінді. Жобаның жалпы құны – 5 млрд. 745 млн. теңге. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінен кейін«ТрансАзияКонстракшн» ЖШС мердігер болып танылды. Қазіргі уақытта келісімшарт рәсімделіп жатыр, 2026-2028 жылдар аралығында кезең-кезеңімен газ жеткізу жоспарланған.

Тұрғындар Тұрмағанбет және Алдашбай ахун ауылдарын газдандыру мәселесін де көтерді.

* * *

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың Жалағаш ауданы тұрғындарымен кездесуінде, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге азаматтарды жеке қабылдауында да жұртшылық өздерін толғандырған мәселелерді көтерді.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету, жол жөндеу, жұмысқа орналасу, елді мекендерді газдандыру және электр желілерінің қазіргі жай-күйі – жалағаштықтарды алаңдатқан сауалдардың ең негізгілері.



Кездесуде қойылған сұрақтар да, қозғалған мәселелер де жан-жақты зерттеліп, айтылған өтініштер мен ұсыныстар ескеріледі. Жауапты сала басшылары көтерілген мәселелерге қатысты нақты тапсырмалар алды.

Тұрғындарға олардың шешімі заң аясында қарастырылатыны, орындалуы қатаң бақылауға алынатыны түсіндірілді.

Атап айтқанда М.Шәменов атындағы елді мекен тұрғыны электр бағаналарын ауыстыру, жөндеу туралы ұсынысын жеткізу үшін қабылдауға келген. Бұл жұмысты атқаруға биыл аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілген. «Tech Service KZ» ЖШС мердігер мекеме болып анықталған.

Қаракеткен мен Далдабай ауылдарына табиғи газ жеткізу де күн тәртібінде тұр. Демеушілік есебінен жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткен. Жоба 1 млрд. 178,3 млн. теңгеге жүзеге асады. Мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы – «Сырэнергогазстрой» ЖШС.

* * *

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде тұрғындармен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге азаматтарды жеке қабылдады.

Қабылдауда тұрғындар көтерген мәселелердің дені білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй, жол инфрақұрылымы, электр желілерін жаңғырту, ауыл шаруашылығы және жұмыспен қамту салаларына қатысты.

Өтініштер мен ұсыныстарды жауапты мамандар жан-жақты зерттеп, заң аясында шешу жолдары қарастырылады.

Қабылдауда Тереңөзек кентінің тұрғыны аудан орталығына жаңа үлгідегі заманауи балабақша керек екенін айтты. Негізі жобалаушы мекеме демеушілік қаражат есебінен 80 орындық балабақшаның жобасын әзірлеген. Қазір аудандық білім бөлімі арқылы тиісті бюджеттік өтінім ұсынылған. Ал Қалжан ахун ауылының тұрғыны орта мектеп ғимаратының күрделі жөндеуге сұранып тұрғанын жеткізді. Жобаның құжаттары әзірленіп, биыл мемлекеттік сараптамадан өткен.

Айдарлы ауылының тұрғынын толғандырған сауал газдандыруға қатысты болды. Сырдария ауданының Аманкелді, Жетікөл және Айдарлы елді мекендерін газдандыруды қаржыландыру республикалық бюджетке ұсынылған.

Сонымен қатар тұрғындар Тереңөзек кенті, А.Тоқмағанбетов, Іңкәрдария, Айдарлы ауылдарындағы жаяу жүргіншілер жолын жөндеуді, теміржол өткелін салуды сұрады. Бүгінде бұл жобалар мемлекеттік сараптамадан өткен.

* * *

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың өңір жұртшылығымен кездесуі оңтүстік аудандарда жалғасты. Шиелі ауданына жұмыс сапары кезінде аймақ басшысы халықпен жүздесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады. Осындай қабылдаулардың тиімділігі: азаматтар өздерін мазалаған сұрақтарды қояды, өткізу орны мен уақыты күн ілгері хабарланғандықтан, облыс орталығына бармай-ақ, тұрғылықты жерінде басшылармен кездесе алады.

Қабылдауға келген 50-ден астам азаматтың көтерген мәселелері баспана, денсаулық сақтау, білім беру, жер және жұмыспен қамтуға байланысты болды.

Балаби ауылының тұрғыны «Тартоғай» автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы қашан басталатынын сұрады. Бұл станция Талаптан, Бәйгеқұм, Жөлек, Сұлутөбе, 1 Мамыр, Бірлестік, Тартоғай және Майлытоғай ауылдарын газдандырудағы маңызды нысан саналады. Қазіргі уақытта «Шиелі ауданының Тартоғай елді мекенінде АГТС орната отырып, «Бейнеу – Шымкент» магистральдық газ құбырынан тармақ салу» жобасының құжаттамасы әзірленуде. Жоба жүзеге асып, газ құбыры пайдалануға берілгеннен кейін Бәйгеқұм, Жөлек, Балаби, Тартоғай, Майлытоғай, Сұлутөбе, 1 Мамыр және Жаназар батыр елді мекендерін газдандырудың құжаттары да дайындалады.

Алмалы ауылының тұрғыны Майлытоғай, Қарғалы, Жансейіт, Алмалы, Тәжібаев, Досбол датқа және Тұрсынбай датқа ауылдарындағы клуб ғимараттарының апатты жағдайын айтты. Бұл ауылдарға жаңа клуб салу үшін жер телімдері бөлінген. Енді жоба-сметалық құжаттама дайындауға, мемлекеттік сараптамадан өткізуге кезең-кезеңімен ұсынылады.



* * *

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың жұртшылықпен кездесуі, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдауы Жаңақорған ауданына жұмыс сапары кезінде одан әрі жалғасты. Қабылдауда 50-ден астам азамат өтініш-тілектерін жеткізді.

Тұрғындар спорт кешендерін салу, электр желілерін жаңарту, каналдарды бетондау, жол жөндеу, елді мекендерді газдандыруға, т.б. қатысты ұсыныстарын айтты.

Қабылдауға келушілерге көтерілген мәселелердің шешімі заң аясында қарастырылатыны, жауапты құзырлы орган басшыларына тапсырмалар беріліп, оның орындалуы қатаң бақылауға алынатыны түсіндірілді.

Мәселен, Бірлік ауылының тұрғыны Ш. Нарынбаева көшесін асфальттау мәселесін көтерді. Бұл көшені орташа жөндеудің жоба-сметалық құжаттамасына биыл жергілікті бюджеттен 3,6 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

Ал Жаңарық ауылының тұрғыны «Р-22» каналын бетондау мәселесін қозғады. Ұзындығы 12,693 шақырым каналды бетондауға қажетті құжаттама биыл демеушілік қаражат есебінен әзірленіп, оң қорытынды берілген. Құрылыс-монтаж жұмыстарына жұмсалатын қаражат республикалық бюджет есебінен қолдау тауып, оны қаржыландыру алдағы жылдың жоспарына енгізілген.

Құқық қорғау органдары басшылары қабылдауға келген тұрғындарға мәселелерінің заңдық шешімі туралы кеңес беріп, жан-жақты түсіндірді.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ҚАБЫЛДАУДА НЕ АЙТТЫ?

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге Қызылорда қаласының тұрғындарын қабылдап, оларды толғандырған мәселелерді, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Жеке қабылдауға 100-ден астам адам келді.

Аймақ басшысы бұған дейін барлық ауданда осындай кездесулер өткізіп, жұртшылықтың талап-тілектеріне ден қойған болатын. Аудандардағы қабылдауларда негізінен әлеуметтік, инфрақұрылымдық түйткілдерді шешу жолдары талқыланды.

Қаладағы қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі тұрғын үй алу, денсаулық, жолдарды асфальттау, әлеуметтік көмек және жұмысқа орналасу мәселелерін көтерді.



Атап айтқанда қала тұрғыны Марал ишан көшесінде қоғамдық көлік аялдамаларын көбейту, автобус тоқтайтын орынды көрсететін арнайы белгі орнату, жол бойына қоршау қою, жаяу жүргіншілер мен мал жүретін жолдарды қарастыру және көшені жарықтандыруға баса мән беруді сұрады. Қазір мұнда «РеалСтройСнаб» ЖШС қала көшелерінен алынған бұрынғы аялдамалардың бірін орнатқан.



Сонымен қатар демеушілік қаражат есебінен көше инфрақұрылымын жаңғырту жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. 6,8 млрд. теңгенің жобасы аясында көшені төрт жолаққа дейін кеңейту, 424 жарық шамын, 10 аялдама орнату және жаяу жүргіншілер жолын салу көзделген. Мемлекеттік сатып алу конкурсында «УАД» ЖШС жеңімпаз деп танылып, қазір келісімшарт жасалуда.

Мүгедектер қоғамы ғимаратының пайдаланылмай тұрған бөлігін жөндеуден өткізуге және инватакси қызметін жетілдіру үшін қажетті автокөлік алуға қолдау сұраған облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы Сағатбек Сиюовтің өтініші бойынша аймақ басшысы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына тиісті тапсырма берді.

Басқарма басшылығы ғимараттың жағдайымен танысып, оны демеушілер көмегімен жөндеудің, қажетті автокөлік сатып алудың жолдарын қарастыруы тиіс.

Азаматтардың мәселелері жіті зерттеліп, шешімі заң талаптарына сүйеніп қабылданады.

“ДЕНСАУЛЫҚ” ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер талқыланды.

Жиында медицина саласының ардагерлері Тұрғанбай Маханұлы, Абдулла Сыздықұлы және Асылбек Жамалұлы ұсыныс-пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салды.

Соңғы жылдары Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен өңірде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуда бірқатар жоба жүзеге асты. Жалпы 41 жаңа медициналық нысан ел игілігіне беріліп, 2022 жылдан бері салаға 625 млрд. теңгеге жуық қаржы бағытталды.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында аудандарда 28 медициналық нысан салынды. Сонымен қатар төрт көпбейінді аудандық орталық аурухананың жанынан қосымша ғимараттар мен жұқпалы аурулар бөлімшелері бой көтерді. Медициналық ұйымдар заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Қазіргі уақытта Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана, 500 келушіге арналған емхана, Титов қыстағындағы ауысымына 400 адам қабылдайтын №5 қалалық емхана және 200 орындық перинаталдық орталық салынуда.

Қазіргі қолданыстағы қалалық аурухана 1977 жылы салынған. Онкологиялық қызмет талапқа толық сәйкес келмейтін модульдік ғимаратта көрсетіліп келеді. Жаңа нысан пайдалануға берілгеннен кейін күрделі диагностикалық тексерулерден жергілікті жерде өтуге жағдай жасалады, ем қабылдау мүмкіндігі кеңейеді.

Сол жағалаудағы 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы аяқталуға жақын. Бір ауысымда 100 адам қабылдайтын емханасы, 300 төсектік стационар және онкологиялық бөлімшесі бар. Қабылдау, ота жасау, жансақтау, химиотерапия және радиотерапия бөлімдері қарастырылған. Аурухана заманауи диагностикалық және емдеу жабдықтарымен жарақтандырылады. Атап айтқанда, магниттік-резонанстық томограф, компьютерлік томограф, ангиограф және қатерлі ісіктерді сәулелік әдіспен емдеуге арналған сызықтық үдеткіш орнату жоспарланған. Жаңа медициналық кешен өңір тұрғындарының жоғары технологиялық медициналық көмекке қолжетімділігін арттырады.

ОСМС: МҮМКІНДІКТЕР мен КЕПІЛДІКТЕР



Денсаулық сақтау жүйесіндегі әрбір реформаның негізінде бір маңызды сұрақ тұрады: ол адам өміріне қандай өзгеріс әкеледі? Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бүгінде бірқатар өзгерістерді бастан өткеруде. Бұл жаңғырулар медициналық қызметтердің қолжетімділігіне қалай әсер етеді? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы алдында қандай міндеттер тұр? Осы және өзге де өзекті мәселелер жөнінде филиал директоры Сапар Рахменшеевпен сұхбаттастық.

- Сапар Құттыбайұлы, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда медициналық көмектің бірыңғай пакетін кезең-кезеңімен енгізу басталды. Осыған байланысты қандай өзгерістер орын алды?

- Ең алдымен ағымдағы жылдың қаңтар айында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағына берілгенін атап өткім келеді. Осы кезеңде денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды заңнамалық өзгерістерді іске асыру басталды. Соның бірі - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеттерінің аражігін нақты айқындауды көздейтін Бірыңғай медициналық көмектің пакетін қалыптастыру.

Бұл өзгерістердің басты мақсаты - әрбір азаматтың сақтандыру мәртебесіне қарамастан базалық медициналық қызметтерді алуына мүмкіндік жасау, сонымен қатар денсаулық сақтауды қаржыландырудың сақтандыру моделін нығайту.

ТМККК шеңберінде әлеуметтік мәні бар аурулар, шұғыл медициналық көмек, бастапқы медициналық-санитариялық көмек және мемлекет кепілдік берген басқа да қызметтер сақталады. Ал МӘМС жүйесіне созылмалы ауруларды диагностикалау, динамикалық бақылау және емдеу, жоспарлы мамандандырылған медициналық көмек пен медициналық оңалтуға қатысты бірқатар бағыттар енгізілді.

Осылайша, өзгерістер медициналық көмекті қысқартуға емес, мемлекет пен медициналық сақтандыру жүйесінің міндеттемелерін неғұрлым ұтымды бөлуге бағытталған. Пациенттер үшін ең маңыздысы – ауруларды ерте диагностикалау мүмкіндіктерінің кеңеюі, сондай-ақ медициналық қызметтер тізбесінің түсінікті әрі ашық бола түсуі.

- Маңызды жаңалықтардың бірі – сақтандыру мәртебесіне қарамастан көрсетілетін медициналық көмектің тізбесін кеңейту. Енді сақтандырылмаған азаматтар қандай медициналық қызметтерді ала алады? Атап айтқанда онкологиялық скринингтер мен әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте диагностикалау бағытында қандай өзгерістер бар?

- Бұл - реформаның әлеуметтік маңызы зор өзгерістерінің бірі. 2026 жылдан бастап онкологиялық скринингтік зерттеулер ТМККК аясында жүргізіледі және МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға қолжетімді. Сонымен қатар сақтандыру мәртебесіне қарамастан артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, глаукома, қант диабеті, В және С вирустық гепатиттері сияқты бірқатар ауруларды ерте диагностикалау қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған жағдайда жүргізілетін бастапқы диагностикаға да маңызды өзгерістер енгізілді. Енді азаматтар сақтандыру мәртебесіне қарамастан қатерлі ісіктер, туберкулез, АИТВ-инфекциясы, созылмалы вирустық гепатиттер мен бауыр циррозы, психикалық және мінез-құлық бұзылыстары, орфандық аурулар сияқты диагноздарды растау немесе жоққа шығару үшін қажетті тексерулерден өте алады.

Бұл - аса маңызды қадам. Өйткені сақтандыру мәртебесінің болмауы қауіпті ауруларды дер кезінде анықтауға кедергі болмауы тиіс. Ауру неғұрлым ерте анықталса, оны тиімді емдеу және асқынулардың алдын алу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Сонымен бірге диагностикалық қызметтердің қолжетімділігін кеңейту кез келген диагноз бойынша кейінгі емнің барлығы автоматты түрде ТМККК аясында көрсетіледі дегенді білдірмейтінін атап өткім келеді. Одан әрі емдеу аурудың тиісті медициналық көмек пакетіне жатқызылуына және белгіленген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Сондықтан облыс тұрғындарын профилактикалық тексерулерді кейінге қалдырмай, бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына уақытылы жүгінуге шақырамын.

- Қант диабеті және созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге медициналық көмек көрсету тәртібіндегі өзгерістер қоғамның ерекше назарын аударды. Енді бұл пациенттерді емдеу және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қалай ұйымдастырылады?

- Бұл ретте қаржыландыру пакетінің өзгеруі медициналық көмектің тоқтатылуын немесе оның көлемінің қысқаруын білдірмейтінін түсіну маңызды. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қант диабеті әлеуметтік мәні бар аурулар тізбесінен шығарылды. Енді мұндай диагнозы бар пациенттерге медициналық көмек МӘМС жүйесі аясында көрсетіледі. Бұл консультативтік-диагностикалық қызметтерді, динамикалық бақылауды, емдеуді және қолданыстағы тізбелер мен медициналық көрсетілімдерге сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қамтиды. Сол сияқты созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге амбулаториялық гемодиализ жүргізуді қаржыландыру тәртібі де өзгерді. 2026 жылдан бастап бұл қызметтер МӘМС жүйесі арқылы көрсетіледі.

МӘМС аясында жоспарлы медициналық көмек алу үшін пациенттің «сақтандырылған» мәртебесі болуы қажет. Медициналық көмек алу құқығы жарналар мен аударымдар төленетін азаматтарға, сондай-ақ жарналары мемлекет есебінен аударылатын жеңілдік санатындағы тұлғаларға беріледі. Егер пациенттің сақтандыру мәртебесі болмаса, оның себебін анықтап, төлемдерге қатысты мәселені реттеуі немесе жеңілдік санатына жататынын растауы қажет.

Біздің міндетіміз - азаматтардың ақпараттың жеткіліксіздігі салдарынан қажетті емді алу кезінде қиындықтарға тап болуына жол бермеу. Осы мақсатта филиал медициналық ұйымдармен және тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, әсіресе созылмалы аурулары бар пациенттерге ерекше көңіл бөледі.

- Әлеуметтік тұрғыдан осал халық топтарын сақтандыруда жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігі қаншалықты артты? МӘМС жарналары жергілікті бюджет есебінен төленетін азаматтардың санатына кімдер жатады? Бұл тетік Қызылорда облысында қалай жүзеге асырылуда?

– Жаңашылдықтардың бірі - халықты МӘМС жүйесімен қамтуда жергілікті атқарушы органдардың рөлін күшейту. 2026 жылдан бастап жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыстық және шұғыл деңгейіне жататын, яғни D және Е санаттарындағы жұмыс істемейтін азаматтардың белгілі бір тобы үшін МӘМС жарналары төленеді. Сонымен қатар заңнамада белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, жұмыссыз ретінде ресми тіркелген азаматтар үшін де жарналар төлеу көзделген.

Жаңа тетіктің ерекшелігі - D және Е санатындағы азаматтар үшін жергілікті атқарушы органдардың жарналары МӘМС жүйесінде медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша төленеді. Бұл әлеуметтік себептерге байланысты сақтандыру жарналарын өз бетінше төлей алмайтын азаматтардың жоспарлы ем алуына мүмкіндік береді.

2026 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қызылорда облысында аталған санаттарға 36 628 тұрғын жатады. Олардың басым бөлігі, яғни 27 551 адам D санаты бойынша тіркелген.

- Жарналарды төлеудегі үзілістер кезінде сақтандыру мәртебесін сақтау қағидалары да өзгерді. Енді азаматтардың жекелеген санаттары үшін бес жыл бойы үздіксіз жарна төлеген жағдайда мәртебені алты айға дейін сақтау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл тетік қалай жұмыс істейді және оны кімдер пайдалана алады?

- Расында да, 2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне адал қатысып келгенімен, уақытша қаржылық қиындықтарға немесе еңбек қызметіндегі үзілістерге тап болған азаматтарды қосымша қорғау тетігі қарастырылды.

Егер азамат 60 ай, яғни бес жыл бойы үздіксіз жарна төлесе және (немесе) ол үшін аударымдар жүргізілсе, төлемдер тоқтаған жағдайда МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу құқығын алты айға дейін сақтай алады. Бұл мүмкіндік қағидаларда арнайы алып тасталған санаттарға жатпайтын жүйе қатысушыларына қолданылады. Сонымен қатар медициналық көмек алу құқығының сақталуы төлемдер жүргізілмеген кезеңдегі берешекті өтеу міндетінен босатпайтынын түсіну қажет.Бұл шара жұмысқа орналасуда немесе жарна төлеуде қысқа мерзімді үзіліс болған жағдайда азаматтың жоспарлы медициналық көмек алу құқығынан бірден айырылып қалмауына мүмкіндік береді.

Сонымен бірге тұрғындарға сақтандыру мәртебесі мен төлемдер тарихын тұрақты түрде тексеріп отыруға кеңес беремін. Мұны Қордың ресми msqory.kz сайты, мобильді және цифрлық сервистер, сондай-ақ @SaqtandyrýBot Telegram-боты мен Qoldau 24/7 қосымшасы арқылы жасауға болады.

- МӘМС жүйесі дамып келе жатқанына қарамастан, азаматтар әлі де тексерулерді ұзақ күту, бейінді мамандарға жазылудағы қиындықтар, медициналық қызмет көрсетуден бас тарту сияқты мәселелерге тап болады. Қазіргі уақытта пациенттердің құқықтарын қорғау және бақылау бойынша қандай тетіктер жұмыс істейді?

- Пациенттердің құқықтарын қорғау және медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету - Қор қызметінің негізгі басым бағыттарының бірі. Әрбір медициналық ұйымда пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметтері жұмыс істеуі тиіс. Егер тұрғындар медициналық көмек көрсетуден бас тарту, негізсіз ақы талап ету, маманның қабылдауына жазылудағы қиындықтар немесе тексеруді ұзақ күту мәселелеріне тап болса, ең алдымен осы қызметтерге жүгіне алады.

Егер мәселені медициналық ұйым деңгейінде шешу мүмкін болмаса, пациент Қор филиалына өтініш білдіруге құқылы. Мамандар өтініштерді қарап, мониторинг жүргізеді, қажетті құжаттарды сұратады және медициналық қызмет берушінің әрекеттерінің негізділігін тексереді. Сонымен қатар азаматтар Qoldau 24/7, Қордың ресми msqory.kz сайты және @SaqtandyrýBot Telegram-боты арқылы да өтініш жолдай алады.

Бір нәрсені ерекше атап өткім келеді: егер медициналық қызмет ТМККК немесе МӘМС пакетінде қарастырылған болса және пациентте тиісті медициналық көрсетілімдер болса, медициналық ұйымның оны негізсіз көрсетуден бас тартуға немесе қосымша ақы талап етуге құқығы жоқ.

Сонымен бірге кезек туындаған жағдайда медициналық көрсетілімдер мен пациенттердің басымдық тәртібі ескерілуі қажет. Біздің міндетіміз – күту мерзімдерінің белгіленген талаптарға сай болуын қамтамасыз ету және медициналық көмекке қолжетімділіктің негізсіз шектелуіне жол бермеу.

- Қор филиалына өңір тұрғындарынан қандай шағымдар жиі түседі? Өтініштерді қарау барысында қандай мәселелер анықталады?

- Азаматтардың өтініштері медициналық көмек алу кезінде пациенттердің нақты қандай қиындықтарға тап болатынын көруге мүмкіндік береді. Бұл жай ғана статистика емес, медициналық ұйымдардың жұмысындағы проблемалық бағыттарды анықтауға көмектесетін маңызды кері байланыс құралы.

2026 жылдың 9 айында Қызылорда облысы бойынша Қор филиалына 332 шағым түсті. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 41,5 пайызға аз. Өткен жылдың осы кезеңінде 567 шағым тіркелген болатын. Кері қайтарып алынған шағымдарды есептемегенде, олардың саны 132-ні құрады. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі 243 шағыммен салыстырғанда 45,7 пайызға төмен.

Шағымдардың басым бөлігі медициналық қызметтердің сапасына қатысты болды. Бұл бағытта 141 шағым немесе жалпы санның 42,5 пайызы тіркелген. Тағы 95 шағым, яғни 28,6 пайызы медициналық көмек көрсетуден бас тарту мәселесіне қатысты. Ал 29 өтініш немесе 8,7 пайызы ТМККК және МӘМС аясында дәрілік препараттарды беруден бас тартуға байланысты болды.

Әрбір санның артында уақытылы әрі сапалы медициналық көмекке мұқтаж нақты адам тұрғанын ұмытпауымыз керек. Сондықтан азаматтардың өтініштеріне себеп болған мәселелерді жою бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

- Медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз етуде Қор қандай рөл атқарады? Мониторинг барысында медициналық ұйым тарапынан заңбұзушылықтар анықталса, қандай шаралар қолданылады? Шарттық міндеттемелерді орындамаған медициналық қызмет берушілерге қандай талаптар қойылады?

- Қор МӘМС жүйесінің қаржылық операторы ғана емес, медициналық ұйымдардың шарттық міндеттемелерді орындауын бақылауға қатысатын маңызды құрылымдардың бірі болып табылады. Біз көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргіземіз, медициналық қызмет берушілер ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексереміз, азаматтардың өтініштерін қараймыз және медициналық көмектің негізсіз көрсетілуі мүмкін жағдайларын талдаймыз.

Мониторинг барысында көрсетілген қызметтердің медициналық көрсетілімдерге сәйкестігі, клиникалық хаттамалардың сақталуы, пациенттерді ауруханаға жатқызудың негізділігі, медициналық көмектің толық әрі уақытылы көрсетілуі, сондай-ақ ақпараттық жүйелердегі мәліметтердің шынайылығы бағаланады.

Заңбұзушылықтар анықталған жағдайда шартта және заңнамада көзделген экономикалық ықпал ету шаралары қолданылады. Олардың қатарында ақы төлеуге негізсіз ұсынылған қызметтерді алып тастау, ұстап қалу және белгіленген жағдайларда айыппұл санкцияларын қолдану бар.

Алайда біздің мақсатымыз – тек заңбұзушылықты анықтап, қаржылық санкция қолдану емес. Ең бастысы – мәселенің туындау себебін анықтап, оны жоюға және осындай жағдайлардың қайталануына жол бермеуге қол жеткізу.

Сонымен бірге медициналық көмектің сапасына жауапкершілік тікелей медициналық ұйымдардың өзіне жүктелетінін атап өткен жөн. Ал Қор өз тарапынан қызмет берушілердің міндеттемелерді орындауын бақылауды және МӘМС жүйесінің қаржылық мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

- Азаматтарды жиі толғандыратын сұрақтардың бірі – ай сайын Қорға аударылатын қаражат қайда жұмсалады? Медициналық ұйымдар арасында қаржы қандай қағидаттар бойынша бөлінеді?

- Ең алдымен, МӘМС қаражаты әрбір азаматтың жеке шотында жинақталатын ақша емес екенін түсіну қажет. Бұл – жүйеге қатысатын мемлекет, жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналары есебінен қалыптастырылатын ортақ қаржылық ресурс. Аталған қаражат меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарында сақтандырылған пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің ақысын төлеуге бағытталады.

Қор медициналық қызметтерді жеткізушілерден жасалған шарттар негізінде сатып алады. Қаржыландыру көлемін айқындау кезінде халықтың қажеттілігі, медициналық көмектің түрлері мен көлемі, медициналық ұйымдардың мүмкіндіктері, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, сондай-ақ белгіленген тарифтер ескеріледі.

Бұл ретте маңызды қағидат қолданылады: қаржыландыру пациенттің соңынан жүреді. Яғни қаражат жасалған шарттар аясында халыққа нақты медициналық қызмет көрсететін ұйымдарға бағытталады.

Осылайша, азамат қажетті медициналық көмекті мемлекеттік қана емес, тиісті медициналық қызмет түрі бойынша Қордың қызмет берушісі болып табылатын жеке медициналық ұйымнан да ала алады. Басқаша айтқанда, МӘМС қаржы ресурстарын біріктіріп, оларды жекелеген мекемелерді емес, халықтың медициналық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағыттауға мүмкіндік береді.

- Денсаулық сақтау саласын цифрлық трансформациялау, оның ішінде «Qalqan» жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл платформа медициналық көмекті жоспарлау, қызмет көлемін бақылау және қаржыландырудың ашықтығын арттыру үшін қандай нақты мүмкіндіктер береді?

- Цифрландыру – бүгінде жай ғана заманауи құрал емес, денсаулық сақтау жүйесін тиімді басқарудың қажетті шарты. «Qalqan» платформасы медициналық көмек көлемін жоспарлау мен бөлуді, қаржыландыруды басқаруды және шарттық міндеттемелердің орындалуын бақылауды жүйелі түрде ұйымдастыруға арналған. Оның практикалық маңызы – халықтың медициналық қажеттіліктерін талдауға, медициналық ұйымдардың нақты жүктемесін бағалауға, жоспарланған және орындалған қызмет көлемдерін салыстыруға, сондай-ақ медициналық көмекті сатып алу мен оған ақы төлеу үдерістерінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беруінде.

«Qalqan» күнделікті жұмыс барысында медициналық ұйымдар пайдаланатын медициналық ақпараттық жүйелерді алмастырмайтынын атап өткен жөн. Оның атқаратын қызметі басқа – денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесі деңгейінде басқару мен талдау құралдарын қамтамасыз ету.

Біздің өңір үшін цифрлық трансформацияның маңызы ерекше. Бүгінде облыста медициналық ұйымдардың 703 өндірістік базасы жұмыс істейді. Оның 688-і, яғни 98 пайызы цифрландырылған.

Заманауи аналитикалық құралдарды енгізу мәліметтердің шынайылығын арттыруға, қаржылық тәртіпті нығайтуға және объективті ақпарат негізінде басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде цифрландырудың басты мақсаты – медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру және МӘМС жүйесінің қаражатын тиімді пайдалану болуы тиіс.

- Бүгінде Қызылорда облысы тұрғындарының МӘМС жүйесімен қамтылу деңгейі қандай? Қанша тұрғынның сақтандырылған мәртебесі бар және халықтың қандай санаттары әлі де жүйеден тыс қалып отыр?

- Халықты сақтандырумен қамту – МӘМС жүйесінің тиімділігін көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі. 2026 жылғы 3 қарашадағы жағдай бойынша облыстың бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарында 816 716 адам тіркелген. Оның ішінде 107 613 тұрғын немесе 13,2 пайызы МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған.

МӘМС жүйесінен тыс қалып отырғандардың қатарында ресми түрде жұмыс істемейтін, жарналарды өз бетінше төлемейтін және жарналары мемлекет есебінен аударылатын жеңілдік санаттарына жатпайтын азаматтар бар.

Біздің міндетіміз – сақтандырылмаған азаматтардың бар екенін тіркеу ғана емес, олардың сақтандыру мәртебесінің болмау себептерін анықтап, оны алу жолдарын түсіндіруге көмектесу. Осы бағытта медициналық ұйымдармен, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен және басқа да мүдделі құрылымдармен бірлесіп ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Жарналардың тұрақты төленуіне, жұмыссыз мәртебесін рәсімдеуге және жеңілдік санаттарына жататынын растау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Ең бастысы, азаматтар сақтандыру мәртебесінің жай ғана формальдылық емес, жоспарлы медициналық көмектің кең ауқымын уақытылы алу мүмкіндігі екенін түсінуі керек.

- Қазіргі таңда өңірдегі қанша медициналық ұйым МӘМС аясында қызмет көрсетеді? Жеке меншік қызмет берушілердің үлесі қандай және олардың қатысуы медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге қаншалықты ықпал етеді?

- 2026 жылы Қор филиалы облыстағы 121 медициналық ұйыммен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасты. Оның 31-і - мемлекеттік, 90-ы - жеке меншік медициналық ұйымдар.

Жеке медициналық ұйымдардың жүйеге қатысуы қызмет берушілер желісін кеңейтуге, консультативтік-диагностикалық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға, қосымша кадрлық және техникалық ресурстар тартуға, сондай-ақ пациенттерге таңдау мүмкіндігін беруге ықпал етеді.

Сонымен бірге Қор үшін медициналық ұйымның меншік нысаны емес, көрсетілген көмектің сапасы мен нақты көлемі, шарттық міндеттемелердің орындалуы және пациенттердің қанағаттану деңгейі маңызды екенін атап өткім келеді.

Мемлекеттік және жеке меншік медициналық ұйымдар бірыңғай талаптар жүйесі бойынша жұмыс істейді. Пациент мемлекеттік немесе жеке меншік ұйымға жүгінгеніне қарамастан, тиісті сападағы медициналық көмекті алуы тиіс.

- Кейде МӘМС-ті медициналық көмек алудың нақты кепілдігі емес, жалақыдан ұсталатын қосымша жарна ретінде қабылдайтын азаматтардың пікірін естиміз. Мұндай азаматтарға не айтар едіңіз? Жүйенің нақты пайдасын қалай түсіндіруге болады?

- Кейбір азаматтардың мұндай сұрақ қоюының себебін түсінемін. Адамдар өздері төлеген жарналардың нақты қайтарымын көргісі келеді. Бұл – орынды талап. Егер азамат жүйеге тұрақты түрде қатысып отырса, қажет болған жағдайда сапалы әрі уақытылы медициналық көмек ала алатынына сенімді болуы керек.

Алайда МӘМС - жеке жинақ шоты емес, ортақ жауапкершілік тетігі. Оның негізгі мәні – медициналық қызмет көрсетуге жұмсалатын қаржылық жүктемені мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтар арасында бөлісу. Осының арқасында адам құны жоғары диагностикалық зерттеулерден өте алады, бейінді маманның кеңесін алады, жоспарлы ем қабылдайды немесе оталарды жасата алады. Мұндай қызметтердің құны көбіне оның ай сайынғы жарнасының мөлшерінен әлдеқайда жоғары болады.

Мысалы, сақтандырылған пациент медициналық көрсетілімдер болған жағдайда МӘМС аясында жоғары технологиялық медициналық көмек ала алады, қымбат диагностикалық тексерулерден өтеді, белгіленген тізбелерге сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі, медициналық оңалтудан өте алады.

Сондықтан МӘМС-тің нақты құндылығын ай сайынғы төлем сомасымен ғана өлшеуге болмайды. Оның тиімділігі – адамға медициналық көмек шын мәнінде қажет болған сәтте оны алу мүмкіндігімен бағалануы тиіс.

Менің ойымша, жүйенің барлық қатысушыларының басты міндеті - әрбір азаматтың өзін әлеуметтік және медициналық тұрғыдан қорғалған сезінуіне жағдай жасау. Өйткені барлық қаржылық тетіктердің, заңнамалық өзгерістер мен цифрлық технологиялардың артында ең басты құндылық - адамның денсаулығы мен өмірі тұр.

- Сұхбатыңызға рақмет!

А.АХАНОВА

ЖАС ДЕПУТАТТАР БЕЛСЕНДІ

ҚҰРЫЛТАЙ БІРІНШІ ТОҚСАНДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайды қабылдады. Қабылдау барысында Құрылтайдың қазіргі жұмысының нәтижелері және «Әділет» партиясының қызметі туралы баяндалды.

Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайдың мәліметінше, депутаттар осы уақытқа дейін 18 заң қабылдап, тағы 38 заң жобасын қарастыруда. Негізгі басымдықтар қатарында жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу, балалардың құқықтарын қорғау, педагогтер мен медицина қызметкерлерін қолдау мәселелері бар.



Өңірлерді дамытуға да ерекше назар аударылған. Депутаттардың бастамасымен 52 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға қосымша 47 миллиард теңге қарастырылды. Қаражат инженерлік желілерді жаңғыртуға және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталмақ.

Сонымен қатар заңдардың орындалуын бақылау, азаматтармен кері байланысты күшейту және заң жобаларын талдауда жасанды интеллект технологияларын пайдалану жұмыстары жалғасуда. Сессия басталғалы депутаттар әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 111 сауал жолдаған.

Кездесуде «Әділет» партиясының қызметі де таныстырылды. Партияның қоғамдық қабылдауына 14 мыңнан астам өтініш түсіп, оның 8,3 мыңнан астамы оң шешімін тапқан. Партиялық бақылау барысында 300-ге жуық әлеуметтік инфрақұрылым нысаны тексеріліп, анықталған кемшіліктердің 80 пайызға жуығы жойылды. Ал «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 12 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетілген.

Кездесу қорытындысы Құрылтай мен партия жұмысының алдағы кезеңдегі негізгі бағдарларын айқындады. Құрылтай төрағасының айтуынша, ендігі міндет – заңнамалық бастамаларды іске асыру, сайлауалды бағдарламадағы 303 іс-шараның орындалуын қамтамасыз ету және Президент тапсырмаларының нақты нәтижесін көрсету. Бұл жұмыстардың түпкі мақсаты – азаматтардың әл-ауқатын арттырып, өңірлердегі өзекті мәселелерді шешуге ықпал ету.

ФЫЛЫМҒА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУІ КЕРЕК

Ғылымға бағытталған қаржының тиімділігі бөлінген қаражат көлемімен ғана емес, оның ел экономикасына, өндіріс саласына және халықтың тұрмыс сапасына әкелген нақты нәтижесімен өлшенуі тиіс. Бұл мәселе Құрылтайдың пленарлық отырысында көтерілген маңызды тақырыптардың бірі болды.

Отырыс барысында Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің баяндамалары тыңдалып, ғылыми жобаларды қаржыландыру, бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуы және зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу мәселелері талқыланды.

Мақсат – ғылым мен экономиканың өзара байланысын күшейту. Өйткені ғылыми зерттеулердің нәтижесі ғылыми еңбектер мен зертханалық тәжірибелер аясында қалып қоймай, нақты өндірістік міндеттерді шешуге бағытталуы қажет.

Құрылтай депутаты Мағжан ЕРАЛИЕВ:

- ***Әсіресе, аграрлық секторда ғылым жетістіктерін тәжірибеге енгізудің маңызы зор. Бүгінде ауыл шаруашылығы алдында су ресурстарын тиімді пайдалану, топырақ құнарын сақтау, өнімділікті арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу секілді өзекті міндеттер тұр. Бұл бағыттардың әрқайсысы ғылыми негізделген шешімдерді талап етеді.Сондықтан ғалымдар мен өндірушілер арасындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеру қажет. Ғылыми орталықтарда әзірленген технологиялар шаруаларға қолжетімді болып, олардың күнделікті өндірістік қызметінде нақты пайдасын тигізуі тиіс. Ғылым мен бизнестің осындай байланысы отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға да ықпал етеді.***

Ғылымға салынған инвестиция өндірістің дамуына, жаңа технологиялардың енгізілуіне және азаматтардың әл-ауқатының артуына қызмет етуі керек. Өйткені ғылымның шынайы құндылығы оның қоғам өміріне әкелген өзгерісімен айқындалады.

АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШІ НАҚТЫ ШЕШІМДІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Құрылтай депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес Мағжан Ералиев бірқатар тұрғындардың өтініш, пікірлерін тыңдады. Қабылдау барысында ауыл шарушалығына тиесілі сауалдар мен еңбек құқығына қатысты мәселелер көтерілді.

Депутаттың айтуынша, Қазақстанның ет өңдеу кәсіпорындары қауымдастығы ветеринария мәселелері жөніндегі заң жобасына бірқатар ұсыныс білдірілген. Атап айтқанда, ветеринариялық қызметі мен зертханасы бар кәсіпорындарды жоспарлы тексеруді жылына бір реттен асырмау және тексеру туралы алдын ала хабарлау мерзімін ұзарту ұсынылды. Сала өкілдерінің пікірлері заң жобасын қарау кезінде назарға алынбақ.

Сонымен қатар Қызылорда облысы Шиелі ауданынан келген медицина қызметкерінің еңбек құқығына қатысты өтініші оң шешімін тапты. Бұл қабылдау кәсіпкерлік саласындағы жүйелі мәселелер мен жекелеген азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың маңызын көрсетті. Өйткені әрбір өтініштің артында нақты адамның тағдыры мен шешімін күткен мәселе тұр.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – НАҚТЫ НӘТИЖЕ

Құрылтайда 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасының іске асырылуына арналған Үкімет сағаты өтті. Оқу-ағарту министрі депутаттарға елдегі 6,9 миллион баланы қамтитын мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен алғашқы нәтижелерін талқыға салды.

Айта кету керек, тұжырымдама балалардың қауіпсіздігі, білім алуы, денсаулығы және әлеуметтік қорғалуын қамтиды. Жоспарда 158 іс-шара көзделген. Басты мақсат – 2030 жылға қарай балалардың хал-ахуал индексін 61,5-тен 68 балға жеткізу жоспарлануда.

Үкімет отырысында талқылаған мәселелер бойынша депутат Мағжан ЕРАЛИЕВ:



- Құрылтай депутаты ретінде мен үшін басты мәселе - жоспардың өңірлерде қалай орындалатыны. Шешім орталықта қабылданады, ал оның нәтижесі нақты мектепте, ауруханада, ауылда көрінуге тиіс. Тұжырымдаманың табысы қабылданған құжаттың санымен емес, әр баланың өміріндегі нақты өзгеріспен бағаланады, - деп пікірін білдірді.

Тұжырымдама бойынша алғашқы нәтижелер қатарында барлық өңірде балалардың құқықтарын қорғау басқармаларының құрылуы, қамқоршылық органдары мамандары санының өсуі және мектептерде «Жеке қауіпсіздік» курсының енгізілуі бар. Сонымен қатар «111» байланыс орталығы тәулік бойы тегін қызмет көрсетеді.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ МЕН СУ ҚАУІПСІЗДІГІ – КОМИТЕТ НАЗАРЫНДА

Құрылтайдың Аграрлық мәселелер, экология және табиғи ресурстар комитетінің кеңейтілген және тақырыптық отырыстары өтіп, тұтынушылардың құқығын қорғау, аграрлық сала және су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері қаралды.

Кеңейтілген отырыста селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заң жобасы бірінші оқылымда талқыланды. Сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі көтерілді. Осы ретте маркетплейстердегі жалған жеңілдіктерге назар аударылды. Тауар бағасын алдын ала көтеріп, кейін оны үлкен жеңілдікпен ұсыну тұтынушыны жаңылыстырады. Осы әрекеттерді анықтау тетіктері мен сатушылардың және маркетплейстердің жауапкершілігі жөнінде министрлік өкілдеріне сауал қойылды. Мәселені бірлесіп пысықтау туралы келісім жасалды.

Аталған тақырып аясында Мағжан Ералиев депутаттық сауалын қойып, мәселенің нәтижесін назарда ұстайтынын жеткізді.

- Осы заң жобасы бойынша министрлік өкілдеріне маркетплейстердегі жеңілдіктердің шынайылығы туралы сұрақ қойдым. Бүгінде сатушы тауардың бағасын алдын ала көтеріп, кейін «50% жеңілдік» деп көрсететін жағдайлар кездеседі. Бұл тұтынушыны тікелей жаңылыстыру. Сондықтан заң жобасында мұндай әрекетті анықтайтын тетік бар ма? Оған жол берген сатушы мен маркетплейс қандай жауапкершілік көтереді?деген сауалымды жолдадым. Министрлік өкілдері бұл мәселені жақын арада қолға алатынын айтты. Оны депутаттармен бірлесе пысықтайтын болды. Мәселенің шешімін бақылауда ұстаймын.

Онлайн сауда күн сайын өсіп келеді. Сондықтан азаматтарымыз жалған жеңілдіктердің құрбаны болмауы керек. Тұтынушы құқығын қорғау – басты міндеттеріміздің бірі, *- деді.*



Комитеттің отырысында халықаралық қаржы институттарының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан су жобалары да талқыланды. Бес халықаралық банкпен бірлескен жобалар аясында 14 450 шақырым суару каналын реконструкциялау, су шығынын 25 пайызға дейін азайту және жаңа су қоймаларын салу көзделген. Сонымен қатар Солтүстік Аралдың экологиялық жағдайын жақсарту мен Есіл өзеніндегі су тасқыны қаупін төмендету міндеттері қарастырылды.

Айта кетейік, отырысқа Су ресурстары және ирригация министрлігінің өкілдері қатысты. Комитет бұл жобалардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстайтынын айтты.

АУЫЛ ЖАСТАРЫНА ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ҚАЖЕТ

Ауыл жастарының туған жерінде тұрақтап, еңбек етуіне жағдай жасау мәселесі Құрылтайда көтерілді. «Ауыл» партиясы фракциясы атынан Премьер-Министр Олжас Бектеновке осы бағытта депутаттық сауал жолданды. Сауалында үш мәселені алға тартқан депутат Шахмардан Байманов ауыл жастарының білім алып қана қоймай, туған жеріне оралып, тұрақты жұмыс істеп, өз болашағын құруына жағдай жасау қажеттігін атап өтті.

Құрылтай депутаты Шахмардан БАЙМАНОВ:

- Депутаттық сауалда үш нақты ұсыныс көтердім. Біріншіден, кадрларды жоспарлау. Әр ауданның алдағы үш жылдағы мамандарға қажеттілігін анықтау қажеттігін жеткіздім. Одан кейін білім, жұмыс және баспана мәселесі де өзектілердің бірі болды. Қолданыстағы мемлекеттік қолдау шараларын өзара байланыстыруды алға тарттым. Әрине, нақты нәтижені бағалап, қолдау алған мамандардың қаншасы ауылда тұрақтап қалғанын анықтау турасында да өз ұсынысымды жеткіздім.

Президент Жолдауында жарияланған «Халықтық құрылыс» бастамасы аясында жаңа әлеуметтік нысандар салу жоспарланып отыр. Бұл нысандарды салуға да, кейін олардың жұмысын қамтамасыз етуге де білікті мамандар қажет. Осы орайда, ол жастардың жұмыспен қамтылуын да назарға алу қажеттігін де атап өтті.

- Маңыздысы - біз жаңа бағдарлама ойлап табуды немесе қосымша қаржы бөлуді ұсынып отырған жоқпыз! Ауылдық квота бар. «Дипломмен ауылға!» жобасы бар. Енді осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, «Халықтық құрылыс» аясындағы болашақ жұмыс орындарын алдын ала жоспарлау қажет.

Өйткені басты нәтиже - берілген диплом мен кредиттің саны емес, ауылда тұрақты жұмыс істеп, туған жерінің дамуына үлес қосып жүрген мамандардың саны артқаны, *- деді Шахмардан Байманов.*

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЖАҢА ПАРЛАМЕНТТІК АЛАҢЫ

Астанада Құрылтай жанындағы «Қазақстан балалары» депутаттық тобының алғашқы отырысы өтті. Жиында балалардың құқықтарын қорғау, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және өңірлердегі бастамаларды қолдау мәселелері талқыланды.

Отырысқа ЮНИСЕФ өкілдері Абдул Азиз Фофана мен доктор Рашед Мустафа Сарвар, БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі Саранго Раднарагча, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы, елші Алешка Симкич, Президенттің әлеуметтік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Алексей Цой, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, Құрылтай Төрағасының орынбасары Динара Закиева, сондай-ақ депутаттар мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Талқылау барысында қатысушылар өз ұсыныстарын ортаға салып, алдағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарын айқындады.

Отырысты депутаттық топ жетекшісі Дана Медеуова жүргізді. Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебай құттықтау сөзінде ата-ана, бала және отбасы құқығын қорғау жаңа Конституцияда бекітілген маңызды құндылықтардың бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ балалардың мүддесіне қатысты мәселелерді жүйелі шешуде түрлі фракция депутаттарының бірлескен жұмысы маңызды екенін айтты.

-«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі әрбір баланың бақытты әрі қауіпсіз балалық шағы болуы керектігін бірнеше рет атап өтті. Президенттің қолдауымен елімізде балаларды дамытуға, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған кешенді мемлекеттік жүйе қалыптасты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы қабылданып, жүзеге асырылып жатыр. Бұл стратегиялық құжаттың басты мақсаты – балаларға арналған барлық қолдау шараларын бір жүйеге біріктіріп, олардың дүниеге келген сәтінен бастап ересек өмірге қадам басқанға дейінгі дамуына жағдай жасау», – деді Құрылтай Төрағасы.

Жиын барысында депутаттық топ пен ЮНИСЕФ арасында ниет хатына қол қойылды. Тараптар балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру, халықаралық тәжірибені пайдалану және өңірлік жобаларды қолдау бағытында бірлесіп жұмыс істеуге ниет білдірді.

«Депутаттық топ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі ұстанымды жүйелі парламенттік жұмысқа айналдыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалардың пікірін тыңдау да аса маңызды. ЮНИСЕФ бұл жұмысты қажетті деректермен, сараптамалық қолдаумен және басқа елдердің парламентшілерімен тәжірибе алмасу жағын қамтамасыз етуге дайын», – деді ЮНИСЕФ-тің өңірлік директорының орынбасары Абдул Азиз Фофана.

Дана Медеуова жалпыұлттық бастамалардың әрбір өңірде нақты жүзеге асуы қажеттігін атап өтті. Осы мақсатта әкімдіктермен байланыс орнатып, өңірлік үйлестірушілерді белгілеу жоспарланып отыр.ЮНИСЕФ өкілдері де бұл бастаманың маңызын атап өтіп, сараптамалық қолдау мен халықаралық тәжірибе алмасуға дайын екендерін білдірді.

Өз кезегінде ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі доктор Рашед Мустафа Сарвар балалардың құқықтарын қорғау жұмысына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетудің маңызын атап өтті.

«Орталық Азияда алғаш рет балалардың мүддесін қорғауға бағытталған парламенттік топтың құрылуы – Қазақстан үшін маңызды қадам. Бұл мемлекеттің бала құқықтарын қорғауға берік ұстанымын көрсетеді. Қазақстанның тәжірибесі Орталық Азия елдеріне және басқа да мемлекеттерге үлгі бола алады. ЮНИСЕФ осы тәжірибені таратуға және елдер арасында бөлісуге дайын», – деді доктор Рашед Мустафа Сарвар.

Ендігі міндет – балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі бастамаларды нақты іске айналдыру. Өйткені баланың қауіпсіздігі, сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуына жағдай жасау – тек мемлекеттік органдардың емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Ресми ақпарат көздерінен...

А.ӘЛИАРЫСТАН

Кітапхана

ШӨЛСТАНҒА ШАБУЫЛ



Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ

Біз ертелетіп шыққанбыз. Ұлы сәскелік иектенгеннен-ақ дала жанып берген, машинаның тар кабинасы қапырық. Мына Арыстан ыстық пен суыққа әбден көндіккен, мыңқ ететін емес. Әңгіме тиегін ағытып келеді. Жұмыс жайы.

- Сол тоқсаныншы жылдың күзінде 500 гектардай сортаңды кебірге жыңғыл тұқымын тастағанбыз, - деді, ол жерлер сонау қиырда дегендей оң қолын алға сілтеп.

- Бұл жұмысты әуелгі бастаушылар Күншығар Жолақанов, Еділбек Төреев, Мешітқали Назарбаев, Файзулла Орынбасаров, Төлеміс Берістенбаев болды. Қазан айының аяғы мен қарашаның бас кезінде еккен едік, сол жұмысты өткен тоқсан бірінші жылдың көктемінде одан әрі жалғастырып, «Маяк» деп аталатын жердің мың гектарына тағы да егіп тастадық. Енді бірер маусымды артымызға салып алсақ, бұл жұмыстың нәтижесі көзге көрініп те қалар, - деді Арыстан сенімді пейілде.

Мен сендім, үйткені кеше кешкілік ауыл іргесіндегі сайдың табанында енді-енді балапандап көгере бастаған сексеуіл шыбықтарына көзім түскен. Сұрастырғанымда, бұл көгеріштер орманшылардың Қамбашқа ірге тепкен алғашқы маусымда отырғызған тірлікалдысы екен. «Бұл Арал аймағының қойын-қолтығында, егер біз үлгіре алсақ, жыңғыл мен сексеуіл тұқымын тастай берсе, өсе береріне күмән жоқ, - деген сол күнгі кеште осы Арыстан. - Бірақ, не пайда, біз оның бәріне үлгіре алмаймыз. Тіпті ертеңгі күніміздің қандай боларына да көзіміз жетпейді...

Арыстанның мұңы мені де ойға қалдырды. Жыл өткен сайын шегініп бара жатқан теңіз жайын айтып тұрмау деп түйдім. Құмнан қорғануды үркердей ғана орманшылардың мойынына тесіп іліп қоймай, бүкіл облыстағылардың төл ісіне айналдырар ма еді. Көгалдандыру, көркейту науқанын жылма-жыл көктемде және күзде өткізуге болады. Далада не көп, сай-сала көп. Көктемде сол сайларға су толады, ойпаңға сарқырап ағады. Ондай сай-саланы жаздай ыза теуіп жатады. Ойпаңдарда даланың жұпар иістілерінің түр-түрі қау болып өседі. Жыңғыл, сексеуіл өсіруге қолайлы ұтырлы жерлер әрбір елді мекен төңірегінде баршылық. Шөл даланың бап, күтім тілемейтін ерекше жаралған бір қасиеттісі – жыңғыл мен сексеуілі. Әрине оны жаппай егу үшін орманшылар елді мекен тұрғындарын жеткілікті тұқыммен қамтамасыз етіп отыруы керек. Қысқасы құмға көмілген аудан аймағын жаппай көгалдандыруды бүкілхалықтық іске айналдырмай болмайды. Тұщы суы тапшы бұл өлкеде бір түп сексеуіл көлеңкесінің өзі неге тұрады... Ал жыңғыл дегеніңіз түйе түлігінің деликатесі.

- Сонау қаңқиып тұрғанды көрдіңіз бе? - деді Арыстан тұсымыздан бұлдырап қарайғанды меңзеп.

Көргенде қандай! Ол қыруар қаржыға алынған адымдағыш экскаватор. Оның сол тұрған жерінде мен бір емес, бірнеше рет болғанмын. Ғасырдың ғажайып машинасы күн жеп, жел мүжіп, қарға-құзғынның саңғырығына былғанып қор болып тұр. Басына барсаңыз, құм суырған сырғыма желден қаңқиған алып денесі тас төбеңізден азынайды, оның бүкіл құрылымынан мұң төгіліп тұрғандай сіздің де денеңіз түршігеді. Бұл алыпты құрастырып пайдаланбақ тұрғай дұрыс тікейте де алмаған. Әр торабы әр жерде апатқа ұшырап қираған кемелердей күйреп, шашылып жатыр. Есіл дүние-ай, қанша қаржыға алынды екен... Аралдық «аборигендердің» айналасынан айналсоқтап шықпай қойған бұл қандай қырсық?! Аяғыңды аттап бассаң берекесіздікке кезігесің. Сырдариядан жарма канал тартып, Арал қаласының иегі астындағы Сарышығанақты суға толтырмақшы болған пысықтардың суық-қолды сұғанақтығына күйінесің. Қолға оңайлықпен түспейтін анау алыптың ауыр салмақты денесін жинай аламай ошарылып жатуы - солардың ісі. Не канал қазылмаған, екі жылда екі-ақ шақырымның топырағын бульдозермен аударып, қалғанына адымдағышты салмақшы болғанда, оны құрастыра алмай тастап кеткен. Бұл бар ғой бұл, шама-шарқына қарамай, бұлардың, баяғыда Ғабит Мүсірепов айтқан «кішкентай богдыхандардың» мемлекеттік дәрежедегі қайраткер болғысы келетіндерін қайтерсіз. Бұл қалай, біз өзі қандай кезеңге бет алдық?! Халықтың қаны мен терінен құралған қаржыны «Сарышығанақты суға толтыру» деген желеумен айла-шарғыларының жеткенінше пайдаланып рәсуә еткендердің жүздері жанбастан аман кетті. Мында шаңы бұрқырап, қоңы ырсиған жаралы жер қалды. Жарма ұлтанынан және өлі топырағы үйілген жоннан ұшқан құм бұл өңірді тегіс бүлдірген, жайылған мал құм шайнап, қаталай бастаған.

Осындай ой сорабымен Аманөткел-дің питомнигіне де келіп қалыппыз. Міне, азамат! Жауырыны сәл еңкіш, қапсағай денелі, бойшаң жігітпен жүздескенде Арыстанның жолда айтқаны көңілімде тұрды: «Сол тоқсан бірінші жылдың мамырында Аманөткел учаскесін ашқанбыз. Соңыра кездескенде өзіңіз де байқарсыз, ондағы еңбекқорларымыз нағыз ерінбейтіннен!» деген-ді. Питомниктегілердің еріндері кезеріп, өндері тотыққан. Көгеріштерді аралай жүріп әңгімелестік:

– Көріп тұрсыз ғой, бәрін жаңадан бастап жатырмыз, - деді ұзын бойлы жігіт айнала аумақты жанарымен шолып. - Қарауымда 8 жұмысшы, 2 орманшы, бір өрттен қорғайтын қарауылым бар. Жұмыс жетеді. Питомниктің жалпы көлемі 30 гектар. Біз бір маусымда 300 мың түп қара ағаштың, 40 мың түп теректің, ал 4 гектар сексеуілден 1 миллион 200 мың түп көшетін дайындаймыз. Үйеңкіні де өсіріп көрудеміз.

– Техника жағы қалай?

– Бір ДТ трактор, бір насос, бір мотоцикл.

– Су ше?

– Дариядан трубамен жеткізудеміз.

– Жұмыс қиын ғой, ә?

– Қайдан оңай болсын. Бұл жұмыстың ерекшелігі шыдамды болу керек. Бүгін бастап, ертең тастап кетуге болмайды...

* * *

Жалпы осы жолғы сапарым сәтті болды. Мына Арыстан, құдай бере салған жігіт екен. Келіншегі Мәрия есейіп қалған Ертайын, Лаурасын, Салтанатын үкідей үлпілдетіп отыр, үстерінде кіршік жоқ. Аулада көкөніс және көлеңкелі ағаш түрлері желкілдеп өсіп тұр. Күтушісі Мәрия екен, «өз қолыммен отырғыздым» дейді. Үйдің ауласын құлазытып қоятын әйелдер осы Мәриядан үлгі алса ғой...

Арыстан екеуміз түнделетіп шаршап-шалдығып жеткенбіз. Салулы төсек, салқын үй – пейішке енгендей болдық. Азамат бақыты деген осы...

Адамның өзінен ойы озып кететіні рас. «Жақсы-жақсы жерлермен жүрсең, жақсы-жақсы түс көрерсің» деген, сол түні, Арыстан, сен бір керемет түс көрдің. Түсіңде бүкіл аралдықтар болып тайлы-таяғы қалмай экологиялық апатпен айқасқа аттаныпты. Олар бұрынғыдай қара басына пайдасы жоқ гүпілдескен әңгіме-қауғадан тиылған, жастары бұрқыратып темекі шегіп, арақ ішуден жеріген, еркектері үйір-үйірімен карта соғуды қойған, қартына дейін жер шұқып шыбық отырғызуға жұмыла кіріскен...

Сен, Арыстан, сол қаптаған халықтың алғы шебінен орманшыларыңды түгел көрдің. Аралдағы Аралбайды, Қарақұм беткейіндегі Қоңырбай мен Жақсылық, Жаңбырбайды, Аманөткелдегі Махмұтты, Аққұлақтағы Алмасты, Қаратереңдегі Серіні, Көктемдегі Қасенді, Ескіұрадағы Баймағанбетті...

Бұл Арал жерінде не көп, бұйрат пен қырат көп, сол бұйрат-қыраттарды қуалап мың тарау сайсала кете барады, онымен көктемгі қарғында еріген телегей теңіз қар, төпелеген жауын суы лайсаңдатып ағып жатады. Шілденің ыстығында сол жерлерде қаулаған көк майса тұнып тұрар еді жұпар иісі аңқып. Иә, сәт, аудан тұрғындары шөлстанға шабуылды бастапты...

Арыстан, сен сол түсіңнен қуанып тұрдың. Көргеніңді жақсылыққа жорыдың. Құдыреті күшті Тәңірден өздерің бастандырған игілік алдын бүкілхалықтық іске айналғай деп тіледің. Тіледің де, осы күнге аман-есен жеткізген тағдырыңа шүкіршілік еттің. Ал, мен болсам: Арыстанның жігіттері әзірге алапат апатпен арпалысу үстінде, үлкен айқас әлі алда... – деген оймен аттандым құттыхана төріннен.



ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫ

АЙТЫП КЕЛГЕН АПАТ

Экологиялық баян

«Литературная газета» 1988 жылы «Қызылқұм мен Қарақұм түйісті, адамдар I миллион гектар жарамды жерінен айырылды» деп ескерткен еді. Ал «Правда» нақ сол жылдың тамыз айында «Кіші Арал іс жүзінде өлі аймаққа айналды. Оны Үлкен теңізбен саусақ саласындай ғана көгілдір сағалық жалғастыруда...» деп жазған-ды. Біз сол «сағалықта» болып көзімізбен көргенбіз. Бұл кәдімгі Көкарал түбегінің Қаратөс деп аталатын шыңының тұмсығы мен теңіздің құрғап қалған Қаратерең шығанағының екі арасы. Бірі теңіздің бергі беті, екіншісі арғы беті. Теңіз акваториясы тарылып, ұлтаны құрғағалы осы екі аралықты Қаратерең мен Көкарал жағынан құм көшкіні атышулы жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдарына қарай жиі-жиі борап тұрып алатын болды.

Содан бері Арал аймағының экологиялық жағдайы өзгерді ме? Әлбетте өзгерді. Біздің көріп білгеніміз құм тасқыны мен тұзды дауыл. Сол баяғы бой бермей жүгенсіз кеткен су ысырабы. География ғылымының докторы Н.Глазовскийдің есептеуінше, сол XX ғасырдың жетпісінші жылдарында Сырдарияның төменгі бойында бір шаршы метр күріш танабына жыл ішінде 5,5 текше метр су шығын болса, Волга бойында күріш өсіруге суды біздегідей 2 есе кем пайдаланады екен. Дария суының қаншалықты үнемделетіні және өндірісте, егін шаруашылығында пайдаланылған судың улы химикаттардан тазартылып қайта жіберілуі жөнінде тігісін жатқызып айтатын ведомство басшыларының рапорттарына сене бермеуді «Правда» сол 1988 жылдың өзінде-ақ әдемі ескерткен болатын. Ал біз теңізді құтқару жөнінде сөз сапырып, мәліметтердің тігісін жатқызуға шебер ведомство басшыларының лепірген лебіздеріне шүбәсіз сеніп келіппіз. Облыстық экология және табиғаты пайдалану комитетінің сол кездегі мәліметінде: дарияның минералдануы нормадағыдан бірнеше есе артып кеткен.

Ал, Кіші теңізге жетіп жығылатын жартымсыз суымыз сол уақытта Үлкен ойпатқа кетіп жатты. Орта азиялықтармен айтысып-тартысып жүріп Орталықтан сұрап алған есіл суымыздың жайы осындай болған еді. Демек, Ұлы теңіз бен Кіші теңіздің шекаралығынан бөгет салғанымыздың бекер болмағаны ғой.

Арал ауданының жерін Арал Қарақұмы алып жатыр. Осынау алып құмның ені 200 шақырымдай, шығысында керілген кержазық Сарыарқамен шектеседі, оңтүстік батысынан солтүстік шығысқа қарай 250 шақырымға созылып жатыр. Бұл құм жоталарының биіктігі 53-тен 145 метрге дейін барады. Бұған биіктігі 5-8 метрдей келетін теңіз жағалауындағы белес-белес құм төбелерді, бұған теңіздің оңтүстік батысындағы атақты Қызылқұм шөлін қосыңыз.

* * *

Сыр бойының халқы ұзақ уақыт бір-бірімен сабақтасқан үш түрлі үреймен тірлік кешіп келді. Бірінші үрей: экологиялық дағдарыс. Бұл халықты аса зардапты ауыртпалыққа ұрындырды. Құдайы қалаған жерлер «экономикалық еркін аймаққа» айналып, аспандағы Айға қолдарын созып жатқанда, біздің Сыр бойы «экологиялық апат аймағына» айналды. Айтарыңыз не, жиырмасыншы ғасырдың қан-жынына ықылық атқан аласапыран шақта, емі жоқ жағдайға тап болып, ақырында бүкіләлемдік қарғысқа ұшыраған «коммунизм құрылыстарының» құрбандығы біз болдық. Әрине, егемендігін алған еліміздің Үкіметіне мың да бір рахмет! Арал мен Қазалы аудандары халқының айлық жалақыларына 0,5; ал облыстың басқа тұрғындарына 0,3 процент үстеме қосылды. Жарықтық, ел іші осыған да шүкіршілік етті. Алайда қисыны кеткен ахуалымызға ем болып жарытатын емес. Күйсіз отбасылар әр ауылда, әр қала, кент көшелерінде бар.

Баяғы заманда «Жиделібайсын» атанған әлемге әйгілі Тұран жазирасының жеруйығы болған бұл өлкеде құдды күні кеше цунами жүріп өткендей, баяғы шалқыған көк теңіздің орны ойдым-ойдым алапестеніп кеткен еді. «...Теңіздің 2010 жылғы шекарасын көрсетуге жүрегім дауаламайды» деген екен В.Шербань деген ғалым. (Байқаусызда адамның алақанына Көктен үзіліп түскен ғаламның бір тамшы жасындай Арал теңізінің әлемге әйгілі плакаттағы көлемін айтқаны). XX-шы ғасырдың таусылар тұсында сәті түсіп дүниежүзілік Қызыл Айқыш және Жарты Айдың адамдарымен Арал – Қазалы жерін аспаннан шолып, борсып кеткен теңіз қолтықтарына табан тіреп көргенбіз, орғыл құмдарын омбылап қайтқанбыз. Сонда, швейцариялық қонақтарымыз аспан астында аппақ шаңы бұрқырап, ақсорланып жатқан теңіз ұлтанына ұшақтан үңіліп, бастарын шайқаумен, ал жерде жүргенімізде ауыздарын сумен шайып, ащы тозаңнан кезерген еріндерін сүртінумен болды. Не ойласа да іштерінде кетті...

Аралдың құрғаған табанынан ұшқан ұлпа тұз Гималайдың мұзды шыңдарына, Солтүстік мұзды мұхитқа және Америка құрлығына да жеткен дейді. Рас болуы ғажап емес. Өйткені, бір кезде «Қазақ жерінің саваннасы» атанған Сыр бойында анау Қызылқұм, Қарақұм, Борсықтың ұлы құмы мынау Арысқұмның қойындасып алғаны қашан. Теңізді жұтып жіберетіндей төніп тұр. Жұлым-жұлымы шыққан жеріміздің құрғаған ұлтаны мен советтік әскерилер айғыздап тастаған тажал ошағы полигондар Сыр өңірін ақырында «тозақтың» төріне айналдырып кеткенін бір-ақ білдік.

Ғалымдар теңіздің құрғаған табанында 10 млрд. тонна тұз шөгіндісі жатыр. Егер, соның жылына 65 млн. тоннасы көкке көтеріліп тұрар болса, 150 жыл бойы ұшады, - деп тағы да бір қобалжытып қойған еді. Сұмдық емес пе?! Осыларды ойлағанда, аза бойың қаза болады.

Біздің баяғы Арал теңізінен айрылғанымыз өз алдына, мына іргемізден жараған бурадай күркілдеп, зіркілдеген Космодром да жүйкемізді жұқартып болды. Оның баллистикалық және қарауылым бар. Жұмыс жетеді. Питомниктің жалпы көлемі 30 гектар. Біз бір маусымда 300 мың түп қара ағаштың, 40 мың түп теректің, ал 4 гектар сексеуілден 1 миллион 200 мың түп көшетін дайындаймыз. Үйеңкіні де өсіріп көрудеміз.

– Техника жағы қалай?

– Бір ДТ трактор, бір насос, бір мотоцикл.

– Су ше?

– Дариядан трубамен жеткізудеміз.

– Жұмыс қиын ғой, ә?

– Қайдан оңай болсын. Бұл жұмыстың ерекшелігі шыдамды болу керек. Бүгін бастап, ертең тастап кетуге болмайды...

* * *

Жалпы осы жолғы сапарым сәтті болды. Мына Арыстан, құдай бере салған жігіт екен. Келіншегі Мәрия есейіп қалған Ертайын, Лаурасын, Салтанатын үкідей үлпілдетіп отыр, үстерінде кіршік жоқ. Аулада көкөніс және көлеңкелі ағаш түрлері желкілдеп өсіп тұр. Күтушісі Мәрия екен, «өз қолыммен отырғыздым» дейді. Үйдің ауласын құлазытып қоятын әйелдер осы Мәриядан үлгі алса ғой...

Арыстан екеуміз түнделетіп шаршап-шалдығып жеткенбіз. Салулы төсек, салқын үй – пейішке енгендей болдық. Азамат бақыты деген осы...

Адамның өзінен ойы озып кететіні рас. «Жақсы-жақсы жерлермен жүрсең, жақсы-жақсы түс көрерсің» деген, сол түні, Арыстан, сен бір керемет түс көрдің. Түсіңде бүкіл аралдықтар болып тайлы-таяғы қалмай экологиялық апатпен айқасқа аттаныпты. Олар бұрынғыдай қара басына пайдасы жоқ гүпілдескен әңгіме-қауғадан тиылған, жастары бұрқыратып темекі шегіп, арақ ішуден жеріген, еркектері үйір-үйірімен карта соғуды қойған, қартына дейін жер шұқып шыбық отырғызуға жұмыла кіріскен...

Сен, Арыстан, сол қаптаған халықтың алғы шебінен орманшыларыңды түгел көрдің. Аралдағы Аралбайды, Қарақұм беткейіндегі Қоңырбай мен Жақсылық, Жаңбырбайды, Аманөткелдегі Махмұтты, Аққұлақтағы Алмасты, Қаратереңдегі Серіні, Көктемдегі Қасенді, Ескіұрадағы Баймағанбетті...

Бұл Арал жерінде не көп, бұйрат пен қырат көп, сол бұйрат-қыраттарды қуалап мың тарау сайсала кете барады, онымен көктемгі қарғында еріген телегей теңіз қар, төпелеген жауын суы лайсаңдатып ағып жатады. Шілденің ыстығында сол жерлерде қаулаған көк майса тұнып тұрар еді жұпар иісі аңқып. Иә, сәт, аудан тұрғындары шөлстанға шабуылды бастапты...

Арыстан, сен сол түсіңнен қуанып тұрдың. Көргеніңді жақсылыққа жорыдың. Құдыреті күшті Тәңірден өздерің бастандырған игілік алдын бүкілхалықтық іске айналғай деп тіледің. Тіледің де, осы күнге аман-есен жеткізген тағдырыңа шүкіршілік еттің. Ал, мен болсам: Арыстанның жігіттері әзірге алапат апатпен арпалысу үстінде, үлкен айқас әлі алда... – деген оймен аттандым құттыхана төріннен.

Ілгеріде академик Төрекелді Шарманов Қазалы ауданының 5 шаруашылығында болып, ана мен баланың денсаулығын зерттеген еді. «Бәрі дерлік анемия, қаны азайған. Ол түбінде өңеш пен қарын рагіне апарады. Тағамда белок жетіспейді. Әсіресе, С витамині. Анемияны болдырмаудың бір-ақ жолы дастарқанда әртүрлі құнарлы тағамның болуы» деп академиктің айтқаны айдай келді. Сыр бойында сол айта беретін аты жаман кесел шегінбей тұр.

Үшінші үрей – жұмыссыздық. Кәсіп таба алмай сандалып жүрген көңілсіз жастар бізде де бар. Азық-түліктің, коммуналдық қызметтің жылда қымбаттауы да бір уайым.

(Басы өткен номерде. Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ДЕКРЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Жаңа жылдан бастап жөргекпұл теңдей үлестірілмейді.

Мемлекеттік бюджеттен берілетін бала туғандағы біржолғы жөргекпұл және жұмыс істемейтін аналарға төленетін ай сайынғы төлем отбасының нақты табысы мен мүлкіне қарай тағайындалады. Бұрынғыдай барлық азаматқа бірдей теңдей үлестіру тәжірибесі тоқтатылады.

Жұмыс істейтін аналарға жеңілдік жасалады. Декреттегі ана жұмысқа шықса да төлем тоқтатылмайды. Ресми жұмыс істейтін аналардың Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алатын төлемдері толық сақталады. Оған қоса енді аналар бала 1,5 жасқа толмай тұрып жұмысқа ерте шықса да, ай сайынғы төлем тоқтатылмайды.

Әкелерге төлем тағайындалмайды. Әкелерге төлем тағайындауды шектеу: Бала күтімі бойынша МӘСҚ-тан берілетін ай сайынғы әлеуметтік төлемді әкелердің атына рәсімдеу тоқтатылып, бұл құқық тек аналарға бекітіледі.

Зейнетақы субсидиясын алып тасталады. Декреттегі аналардың зейнетақы жарнасын мемлекеттік бюджеттен қосымша субсидиялау тоқтайды, ал БЖЗҚ-ға тек төлемнің өзінен ұсталатын 10% жарна аударылады.

ҚАЙ ОТБАСЫЛАРҒА БЮДЖЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ БЕРІЛМЕЙДІ?

"Отбасының цифрлық картасы" жүйесінің бағалауы бойынша әл-ауқаты жоғары, яғни А және ауқатты, яғни В санаттарына енген отбасыларға мемлекеттік бюджет есебінен төленетін бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы, яғни жөргекпұл, сондай-ақ, осы санаттағы жұмыс істемейтін аналарға бала 1,5 жасқа толғанға дейін бюджеттен ай сайын берілетін күтім жәрдемақысы тағайындалмайды. Мемлекет бұл топтағы отбасылар өз қажеттіліктерін дербес өтей алады деп есептеп, үнемделген бюджет қаражатын әлеуметтік осал топтарды қолдауға бағыттайды.

КІМДЕР БҰРЫНҒЫДАЙ ЖӘРДЕМАҚЫ АЛА БЕРЕДІ?

Табысы орташа деңгейдегі немесе әлеуметтік осал топқа жататын С, D және Е санаттарындағы отбасылар үшін ешқандай шектеу енгізілмейді. Бұл санаттағы азаматтар бала туғанда берілетін біржолғы жөргекпұлды да, жұмыс істемейтін аналарға арналған бала 1,5 жасқа дейінгі ай сайынғы бюджеттік жәрдемақыны да бұрынғы қолданыстағы тәртіппен толық көлемде алады. Сонымен қатар көпбалалы отбасыларға және мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған өзге де базалық мемлекеттік жәрдемақылар өзгеріссіз сақталады. Яғни, мемлекеттің қолдауына шын мұқтаж отбасылар ешқандай төлемнен қағылмайды.

РЕСМИ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ДЕКРЕТТІК ТӨЛЕМІ ҚЫСҚАРА МА?

Ресми түрде жұмыс істейтін, зейнетақы және әлеуметтік аударымдары тұрақты төленіп келген әйелдердің декреттік төлемдері еш қысқармайды. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін барлық төлем отбасының "Цифрлық картадағы" әл-ауқат санатына (тіпті отбасы А немесе В санатында тұрса да) қарамастан, толық көлемде төлене береді. Себебі бұл қаражат мемлекеттік бюджеттен емес, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен, яғни азаматтың өзі және жұмыс берушісі аударған сақтандыру жарналары есебінен қалыптасады. Сондықтан жұмыс істейтін аналардың заңды құқықтары мен жинақталған әлеуметтік кепілдіктері толықтай қорғалған.

ОТБАСЫНЫҢ ТАБЫСЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Отбасының табысына, ауқатына қатысты барлық дерек автоматты түрде "Отбасының цифрлық картасы" ақпараттық жүйесі арқылы тексеріледі. Жүйе түрлі мемлекеттік органдардың дерекқорларын біріктіріп, отбасы мүшелерінің ресми жалақысы мен өзге де табыстарын, атындағы жылжымайтын мүлік (пәтер, үй, жер телімі) пен автокөлік санын, несие жүктемесін, депозиттерін және өзге де 59 түрлі әлеуметтік-экономикалық көрсеткішті кешенді түрде талдайды. Осы талдаудың нәтижесінде жүйе әр отбасын әл-ауқат деңгейіне қарай бес санаттың біріне (A, B, C, D немесе E) автоматты түрде жатқызады. Демек жүйе жәрдемақыны әділ бөлуге мүмкіндік береді.

ЛИЦЕНЗИЯДАН АЙЫРЫЛҒАН ЖЕТІ МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, микроқаржы ұйымдарының қызметін қадағалауды күшейту және қаржы нарығында жосықсыз практикаларды болдырмау жөніндегі дәйекті және жүйелі жұмысты жалғастырады.

Қадағалау өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберінде Агенттік жекелеген микроқаржы ұйымдарының қызметіне тексеру жүргізіп, соның нәтижесі бойынша қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын бұзуға алып келген заңнама талаптарын жүйелі түрде бұзушылықтар анықталды. Осыған байланысты Агенттік жеті МҚҰ-ны микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру туралы шешім қабылдады.

2026 жылғы 23 қазандағы бұйрықтар негізінде төмендегі МҚҰ лицензиялардан айырылды:

«MaxMoney» МҚҰ» ЖШС» (23.10.2026ж. №67 бұйрық);

«Microfinance Systems» МҚҰ» ЖШС (23.10.2026ж. №68 бұйрық);

«SurfKaz Finance» МҚҰ» ЖШС (23.10.2026ж. №69 бұйрық);

«MFO№1» МҚҰ» ЖШС (23.10.2026ж. №70 бұйрық);

«Умит Финанс» МҚҰ» ЖШС (23.10.2026ж. №71 бұйрық);

«Вивус» МҚҰ» ЖШС (23.10.2026ж. №15 бұйрық);

«EL QAZYNA» МҚҰ» ЖШС (23.10.2026ж. №16 бұйрық).

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қадағалау қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Агенттік қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қозғайтын заңнаманы жүйелі түрде бұзуға жол беретін ұйымдарға қатысты нақты позицияны ұстанады.

Қабылданған шешімдер бұзушылықтардың жолын кесуге, жосықсыз практикалардың алдын алуға, микроқаржы нарығына қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға және заңнамада белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Агенттік қарыз алушылардың құқықтарын сақтауға, бұзушылықтарды уақытылы анықтауға және заңнамада көзделген қадағалап ден қою шараларын қолдануға ерекше назар аудара отырып, МҚҰ қызметін жүйелі және тәуекелге бағдарланған қадағалауды жалғастырады. Заңнама мен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын сақтау микроқаржы нарығына қатысушылар қызметінің міндетті шарты болып табылады. Азаматтардың құқықтарын жүйелі түрде бұзуға жол берілмейді және заңнамада көзделген салдарға алып келеді.

Лицензиядан айырылған МҚҰ микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ жекелеген жағдайларды қоспағанда, микрокредит беру туралы қолданыстағы шарттардың талаптарын өзгертуге құқылы емес.

Заңнамаға сәйкес МҚҰ лицензиядан айырылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде өзінің атауынан «микроқаржы ұйымы» деген сөздерді, көрсетілген заңды тұлғаның микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратынын болжайтын олардан алынған сөздер мен қысқарған сөздерді алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге не қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдауға міндетті.

Микрокредит беру туралы шарттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар МҚҰ клиенттері жасалған шарттардың талаптарына сәйкес міндеттемелердің орындалуын бұзғаны үшін жауапты болады.

ТӨЛЕМДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУҒА БОЛАДЫ МА?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарға банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша төлемді кейінге қалдыру тәртібі туралы еске салады.

Төлемді кейінге қалдыру мерзімді қызметтің барлық кезеңіне және ол аяқталғаннан кейін тағы күнтізбелік 60 күнге автоматты түрде беріледі. Төлемдік кейінге қалдыру кезеңінде негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдер тоқтатыла тұрады. Бұл ретте кейінге қалдыру кезеңі үшін сыйақы есептелмейді.

Банкке немесе микроқаржы ұйымына (МҚҰ) жеке жүгіну, өтініш беру, әскери комиссариаттан анықтама беру не кредиттік шартқа қосымша келісімге қол қою талап етілмейді. Мерзімді қызметке шақыру және одан босату туралы мәліметтер Қорғаныс министрлігінің, кредиттік бюролардың және қаржы ұйымдарының ақпараттық өзара іс-қимылы шеңберінде кредиторларға беріледі.

Төлемді кешіктіру әскерге шақырғанға дейін болса, не істеу керек?

Өндіріп алу рәсімдері басталған берешекке қатысты заңнамада белгіленген жағдайларда мерзімді қызметті өткеру кезеңіне тиісті рәсімдерді тоқтата тұру да көзделген. Әскери қызмет аяқталғаннан кейін берешек сақталады. Сондықтан әскерге шақырылғанға дейін кредиттік міндеттемелеріңіздің жай-күйін тексеріп, қажет болған жағдайда оларды реттеу бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

Мерзімді қызмет кезінде жаңа кредиттер берілмейді ме?

2025 жылғы 31 тамыздан бастап мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне жаңа банктік қарыздар мен микрокредиттер беруге тыйым салынады. Өтінімді қарау кезінде банк немесе МҚҰ кредиттік бюро арқылы азаматтың мәртебесін тексереді. Кредиттік есепте мерзімді қызметті өткеру туралы ақпарат болған кезде кредитор жаңа қарыз немесе микрокредит бермейді.

Төлемді автоматты түрде кейінге қалдыру тетігі 2024 жылғы тамыз айынан бастап қолданылатынын еске саламыз. «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-тың деректері бойынша 2024 жылғы тамыздан бастап 2026 жылғы 1 маусымға дейін жалпы сомасы **23,5 млрд. теңгеге** қарыздар бойынша **мерзімді қызметтің 82,1 мың әскери қызметшісінің төлемдер**і кейінге қалдырылды.

2026 жылғы бірінші жартыжылдықтда **30 мың әскери қызметшінің** жалпы сомасы **7,5 млрд. теңгеге** қарыздары бойынша төлемдері кейінге қалдырылды.

Әскерге шақырар алдында әскери қызметшілерге барлық кредиттік міндеттемелер туралы ақпараттың бар-жоғын және өзектілігін тексеру үшін кредиттік есебін тексеру ұсынылады.

Маңызды: Төлемді кейінге қалдыру берешекті есептен шығаруды білдірмейді. Белгіленген кезең аяқталғаннан кейін кредит бойынша міндеттемелер сақталады және қарыз алушы оларды орындауды жалғастыруы керек.

АЛАЯҚТАРҒА ҚАЛАЙ АЛДАНБАУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі азаматтарға Агенттік қызметкерлерінің аты-жөндерін үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануына байланысты алаяқтық жағдайлары туралы ескертеді.

Қолда бар ақпаратқа сәйкес, алаяқтар өздерін Агенттік қызметкерлері ретінде таныстырады немесе азаматтарды адастыру, мемлекеттік органмен ресми өзара іс-қимылдың көрінісін жасау және осы сылтаумен қолма-қол ақшаны иемдену үшін оның қызметкерлерінің аты-жөндерін пайдаланады.

Агенттік бұл әрекеттерге қатысы жоқ екенін ресми түрде мәлімдейді. Агенттік қызметкерлерінің аты-жөні мен лауазымдарын пайдалану ұсынылатын операциялардың заңдылығын көрсетпейді және қолма-қол ақшаны қайтаруға кепілдік бермейді.

Осыған байланысты Агенттік азаматтардың назарын мыналарға аударады: Агенттікте қаржылық операцияларды жүргізуге, ақшалай қаражатты қайтаруға немесе өтемақы алуға арналған ресми Telegram-боттар жоқ. Агенттік қызметкерлері азаматтардың ақшалай қаражатын тартпайды, инвестициялық өнімдерді ұсынбайды және комиссияларды, инкассация алымдарын немесе өзге де алдын ала төлемдерді төлеуді талап етпейді. Агенттік делдалдар, Telegram-боттар және бөтен аккаунттар арқылы азаматтардың ақшалай қаражатын қайтаруды жүзеге асырмайды.

Агенттіктің қызметкерлері тергеуді сүйемелдеу, қылмыстық құдалауды тоқтату, қылмыстық істерді реттеу немесе Құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын өзге де мәселелерді шешу үшін тағайындалмайды.

Агенттікке алдын ала тергеу, анықтау және жедел-іздестіру қызметін жүргізу өкілеттіктері берілмеген, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырмайды. Агенттік қызметкерлері тергеуді сүйемелдеу, қылмыстық құдалауды тоқтату, қылмыстық істерді реттеу немесе құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын өзге де мәселелерді шешу үшін тағайындалмайды.

Агенттік белгілі бір ақыға ақшалай қаражатты қайтаруға, қылмыстық құдалауды тоқтатуға, қылмыстық істерді реттеуге немесе Агенттік атынан қаржылық операцияларды жүргізуге жәрдемдесудің кез келген ұсынысы ықтимал алаяқтықтың белгілері болып табылатынын ерекше атап көрсетеді.

Алаяқтық әрекеттерді болғызбау мақсатында Агенттік азаматтарға:

- өздерін Агенттіктің немесе өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері деп таныстыратын адамдарға ақшалай қаражатты аудармауға;
- ақшалай қаражатты бұғаттан шешу, қайтару немесе аудару сылтауымен комиссияларды, инкассация үшін алымдарды және өзге де төлемдерді төлемеуге;
- өздерін Агенттіктің ресми арналары ретінде таныстыратын Telegram-боттарға, аккаунттар мен чаттарға сенбеуге;
- жалған қозғалған қылмыстық істер, тағайындалған тергеулер немесе азаматтарға Агенттік қызметкерлерінің бекітілгені туралы хабарлайтын адамдардың талаптарын орындамауға;
- келіп түсетін ақпараттың дұрыстығын тек ресми дереккөздер арқылы тексеруге;
- SMS-хабарламалардан алынған дербес деректерді, банк деректемелерін, құпиясөздер мен растау кодтарын үшінші тұлғаларға бермеуге;
- күдікті қоңыраулар мен хабарламалар алған кезде оларды жөнелтушілермен қаржылық қатынастарға түспеуге және осындай фактілер туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға қатаң ұсыныс береді.

Агенттік азаматтарды қырағылық танытуға және алаяқтардың мемлекеттік органдардың атауларын, лауазымдарын және рәміздерін пайдалануы заңға қайшы әрекеттерді заңды етіп көрсету тәсілдерінің бірі болып табылатынын есте ұстауға шақырады.

Агенттіктің қызметі туралы өзекті және анық ақпарат Агенттіктің ресми интернет-ресурсында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылады.

ҚАРЫЗ АЛУШЫ ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТТІ ҚАЛАЙ РЕТТЕЙДІ?

Ипотекалық қарыз ресімдеу кезінде кредит беру шарттарын ғана емес, сондай-ақ қарыз алушы қайтыс болған жағдайда туындауы мүмкін құқықтық салдарды да түсіну маңызды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ипотекалық қарыздар бойынша міндеттемелерді мұраға қабылдау тәртібін, мұрагерлердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мұндай жағдайларда банк алдындағы міндеттемелерді орындау ерекшеліктерін түсіндіреді.

Азаматтық кодекске сәйкес мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ мүліктік құқықтар мен міндеттер кіреді. Осыған байланысты банктік қарыз шарты, оның ішінде ипотека бойынша міндеттемелер қарыз алушының қайтыс болуына байланысты тоқтатылмайды және кепілге берілген жылжымайтын мүлікті қоса алғанда, мұра қабылданғаннан кейін мұраға қалатын мүлікке қатысты құқықтармен бір уақытта мұрагерлерге өтеді.

Мұрагерлердің ипотекалық кредит бойынша жауапкершілігі. Кредиторлар өсиетті орындаушыға (мұраны сенімгерлікпен басқарушыға) не мұрагерлерге мұра қалдырушының міндеттемелерінен туындайтын талаптарды қоюға құқылы. Мұра қабылданғаннан кейін мұрагерлер мұра қалдырушының қарыздары бойынша ортақ борышкерлер ретінде жауап береді. Бұл ретте әрбір мұрагердің жауапкершілігі оған мұрагерлік тәртібімен өткен мүліктің құнымен шектеледі.

Қарыз алушы қайтыс болғаннан кейін ипотекалық кепілді сақтау. Қарыз алушының қайтыс болуы ипотеканы тоқтатпайды. Ипотекалық қарыз бойынша міндеттемелер мұраның құрамына кіретіндіктен және мұрагерлерге өтетіндіктен кепіл мүлкі мұрагерлерге мұрагерлік тәртібімен өткен құқықтар мен міндеттер көлемі шегінде қарыз бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін сақталады.

Кредиторлар өз құқықтарын қорғаудың заңнамада көзделген тәсілдерін іске асыруға құқылы. Атап айтқанда, мұрагерлер мұраны қабылдаған, бірақ мүлікті не мұраның құрамына кіретін мүлікке құқықтарды тіркеуден жалтаратын жағдайларда, кредиторлар мұндай тіркеуді мәжбүрлеу тәртібімен жүзеге асыруды талап етуге құқылы.

Кепіл мүлкін өндіріп алу мәселелері заңнамаға, банктік қарыз шартының және ипотека шартының талаптарына сәйкес әрбір жағдайдың нақты мән-жайларын ескере отырып шешіледі.

Егер мұрагерлер болмаса немесе мұрадан бас тартса не істеу керек?

Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлер болмаған жағдайларда мұрагерлердің ешқайсысы мұрагерлік етуге құқығы жоқ не барлық мұрагерлер мұрадан бас тартса, мұра иесіз қалған мүлік деп танылады.

Мұндай мүлік заңнамада белгіленген тәртіппен мұра ашылған жер бойынша коммуналдық меншікке өтеді.

Бұл ретте, мүліктің коммуналдық меншікке ауысуы мұра қалдырушының кредиторлар алдындағы міндеттемелерін тоқтатпайды және оларды заңнамада көзделген тәртіппен және шекте талаптар қою құқығынан айырмайды.

Мұраға кіргеннен кейін ипотекалық кредитті реттеу мерзімдері. Мұраны қабылдау үшін жалпы мерзім мұра ашылған күннен бастап алты айды құрайды. Мұрагерлік құқықтарды ресімдеу кезеңінде банк мұрагерлердің шеңберін айқындау және олардың мұраға кіру сәтіне дейін сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) және міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға байланысты өзге де төлемдерді есептеуді тоқтата тұру туралы мәселені қарауға тиіс.

Мұра қабылданғаннан кейін ипотекалық қарыз бойынша міндеттемелерді одан әрі орындау банктік қарыз шартының талаптарына, төлемдер кестесіне және ипотека шартына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк ипотеканы мерзімінен бұрын өтеуді талап ете ала ма?

Ипотекалық қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы талап заңнамада және банктік қарыз шартының талаптарында көзделген жағдайларда ғана қойылуы мүмкін.

Қарыз алушының қайтыс болу фактісінің өзі банкке ипотекалық кредит бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге шартсыз құқық бермейді. Бұл ретте мұрагерлер борышкердің кепіл мүлкіне құқықты қабылдаған жағдайда қарыз алушының қайтыс болуы міндеттемені тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

Қоса қарыз алушылар мен кепілгерлердің міндеттемелері. Егер ипотекалық қарыз бойынша қоса қарыз алушылар болса, олардың міндеттемелері банктік қарыз шартында көзделген көлемде сақталады. Егер заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе, кепілдік және кепілгерлік олар қамтамасыз еткен міндеттеменің тоқтатылуымен, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Осылайша, қарыз алушының қайтыс болуы ипотекалық қарыз бойынша міндеттемелерді автоматты түрде тоқтатуға алып келмейді. Мұндай міндеттемелер бойынша құқықтар мен міндеттер азаматтық заңдарда белгіленген тәртіппен мұрагерлерге өтеді, ал міндеттемелерді одан әрі орындау жасалған шарттардың талаптары мен әрбір жағдайдың нақты мән-жайлары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

"Ақшамның" асханасы



ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫ ХОЛОДЕЦТІ ҚАЛАЙ ӘЗІРЛЕЙДІ?

Қараша айының басында Ресейде Холодец күні аталып өтті. Алайда бұл бейресми мерекені біреулер атап өтсе, енді біреулер мүлде байқамаған да болар. Ресейде бұл тағам орыс асханасына ежелден тән ұлттық ас ретінде саналады. Дегенмен холодецтің ұқсас түрлері әлемнің өзге халықтарының ас мәзірінде де бар.

Аталған тағамның шығу тарихын зерттеушілердің пайымдауынша, холодецке ұқсас тағамдар Еуропаның әртүрлі елдерінде шамамен бір кезеңде – ерте орта ғасырларда пайда болған.Ол заманда тұрмысы төмен отбасылар малдың етін ғана емес, тұмсығынан құйрығына дейінгі барлық мүшесін кәдеге жаратуға тырысқан. Осылайша Германия мен Австрияда зельц немесе зюльц, Скандинавияда сюльт, Балқан түбегінде пихтие секілді тағамдар қалыптасты. Жалпы, Еуропаның қай еліне барсаңыз да, холодецтің өзіндік бір нұсқасын кездестіруге болады. Олардың дайындалу тәсілдері, әрине, бір-бірінен ерекшеленген. Бір жерде тағамды арнайы қалыпқа салып бастырса, енді бір жерде сол күйінде қатырған. Бұл тағамдар көпшілік арасында кең таралып, мерекелік дастарқанның сәніне айналған. Өйткені ол кезде малды күнделікті соймайтын, ет көбіне ерекше жағдайларда ғана дастарқанға қойылатын.

Еуропадағы холодецтің өзгеше түрлерінің бірі – ағылшындардың «Head Cheese», яғни «Бас ірімшігі» деп аталатын тағамы. Әрине, оның кәдімгі ірімшікке еш қатысы жоқ. Ағылшындар бұл тағамды да орта ғасырларда ойлап тапқан. Атауындағы «ірімшік» сөзі оның тығыз құрылымына және ірімшік секілді арнайы бастырылып дайындалуына байланысты шыққан деген болжам бар. Француздар мен голландтар да холодецті өз нұсқаларында осылай атайды.

Бұл тағамның өзге холодецтерден басты айырмашылығы – оның қоғамдағы мәртебесінің өзгеріп, кең таралуында. XVIII ғасырдың басында ол қарапайым ауыл тағамы деген атауынан арылып, сәнге айналды. «Бас ірімшігі» ауқатты отбасылардың дастарқанына қойылып, үй иесінің аспаздық шеберлігін танытатын тағам саналды.

Американың оңтүстігіндегі отар елдерінде аспаздықпен айналысқан құлдар дәстүрлі тағамға креол асханасының ерекшеліктерін енгізді. Мәселен, көкөніс өте аз пайдаланылатын тағамға креол асханасына тән пияз, жасыл бұрыш және балдыркөк қосылды. Бұған қоса ащы бұрыш пен балғын сарымсақты да молынан пайдаланған. Еуропада бұл тағам дербес суық тіскебасар ретінде ұсынылса, Америкада оны бекон секілді бутербродтарға қосады немесе қуырып жейді.

Францияда қатырылған сорпа – желе деп айтылады. Алғашында тоңазытқыш пен салқын жертөле болмаған заманда тез бұзылатын азық-түлік ретінде ерекше әдіспен сақталған. Қою желе қабаты ет пен балықты ауамен жанасудан қорғап, олардың балғын қалпын ұзағырақ сақтауға мүмкіндік берген.

Аспик алғашында тез бұзылатын азық-түлікті сақтау тәсілі болған. Қазір оны дәстүрлі ет өнімдері сатылатын дүкендерден жиі кездестіруге болады.

Бұл тағамның алғашқы толық рецептері 1380 жылы жарық көрген француз аспазы Гийом Тирельдің «Le Viandier» атты еңбегінде жазылған. Ол Карл V және Карл VI корольдерінің сарай аспазы болған. Аталған кітапта балық пен еттен жасалатын холодецтің екі түрі сипатталған.

Балық желесін әзірлеу үшін шортанның сүйектері мен балықтың желбезек маңындағы сіңірлі бөлігін пайдалану ұсынылса, бұзаудың сирақтары мен тұяқтары қосылған. Тағамның ұзақ сақталуын қамтамасыз ету үшін сорпаға қышқыл шарап немесе сіркесуы молынан құйылған.

Ол кезде холодец байлықтың белгісі саналғандықтан, тағамға Шығыстан әкелінетін қымбат дәмдеуіштер де көп қосылған. Алайда мұның басқа да себебі болуы мүмкін. Өйткені дәмдеуіштер сәл бұзыла бастаған өнімнің дәмі мен иісін жасыруға да көмектескен.

XVIII ғасырдың соңында француз асханасының әйгілі шебері Мари-Антуан Карем аспикті дастарқанның басты сәніне айналдырды. Ол тағамды ерекше безендіріп ұсынудың өзіндік әдісін ойлап тапты.

Алдымен аспиктің сорпасы арнайы тәсілмен ұзақ қайнатылған. Ол үшін сорпаға жұмыртқаның ақуызы қосылған. Ақуыз ұйып, сорпаның құрамындағы ұсақ ет бөлшектерін, май мен тұнбаны өзіне жинап, нәтижесінде сұйықтық пайда болған.

Сонымен қатар Каремнің сызбалары бойынша мыстан арнайы қалыптар жасалған. Олардың пішіні геометриялық фигуралардан бастап, қамалдар мен мұнараларға дейін әр түрлі болған. Аспик осы қалыптарға құйылып қатырылған. Кейін бірнеше қабаттан тұратын, дірілдеп тұратын әсем композициялар мүсінделген трюфель, сәбіз, көк шөптермен безендіріліп, салтанатты дастарқанға қойылған.

XX ғасырда жасанды желатиннің пайда болуына байланысты аспик бұрынғыдан да кең тарала бастады. Алайда оған ең үлкен соққыны 1970 жылдары кеңінен таралған «жаңа асхана» бағыты жасады. Бұл бағытты ұстанған аспаздар ұзақ дайындалатын, күрделі безендірілген дәстүрлі тағамдардан бас тартып, қарапайымдылыққа, балғын өнімдерге және қысқа мерзімді термиялық өңдеуге басымдық берді.

Қазір аспикті қымбат мейрамханалардан гөрі Францияның дәстүрлі ет өнімдері сатылатын дүкендерінен жиі кездестіруге болады.

КОРОЛЬДЕРДІҢ ТАҒАМЫ ӘРІ ЕМДІК АС

Кореяның сиыр етінен әзірленетін холодеці – чокпхён еуропалық нұсқалардан ерекшеленеді. Өйткені ол ешқашан қарапайым халықтың күнделікті тағамы болмаған. Бұл – корольдерге арналған ас.

1392 жылдан 1919 жылға дейін Кореяны басқарған Ли әулеті тұсында сиыр еті аса бағалы деликатес саналған. Оны қарапайым халықтан гөрі император сарайындағылар ғана тұтынған. Өйткені сиыр кез келген шаруашылықтың ең қымбат байлығы есептелген. Оның үстіне, ет үшін сиыр союға іс жүзінде толық тыйым салынған. Тек құрбандық шалу рәсімдеріне немесе сиыр етін дәрілік мақсатта пайдалануға ғана рұқсат берілген.

Чокпхён тағамының нақты қай кезеңде пайда болғаны белгісіз. Дегенмен ол корей жазбаларында ертеден кездеседі. Оның рецепті 1670 жылы жазылған Кореядағы алғашқы аспаздық кітаптардың бірінде де бар. Кореяда чокпхён қыс мезгілінде дайындалып, император дастарқанына ұсынылған.

Бұл тағам тек қыс мезгілінде әзірленген. Оның негізгі құрамына сиырдың тұяғы, терісі мен сіңірлері кірген. Олар коллагенді барынша бөліп алу үшін үлкен қазандарда бір тәуліктен астам уақыт қайнатылған. Ет бөлек пісіріліп, жіңішке талшықтарға ажыратылған. Содан кейін сорпаға араластырылған. Қоспа қатпай тұрып, оның беті арнайы өрнекпен безендірілген. Ол үшін ағаш саңырау құлақтары, қызыл бұрыш, самырсын жаңғағы және жұмыртқадан жұқалап пісірілген құймақтар пайдаланылған. Қатқан желе мінсіз төртбұрыш пішінді, бір тістемге шақталған бөліктерге кесілген. Дегенмен бұл тағамның қарапайым халыққа арналған нұсқасы да болған. Ол үшін сиыр етінің орнына тауықтың аяқтары мен бастары немесе минтай мен Тынық мұхиты балығының терісі пайдаланылған.

Көптеген тарихшылардың пікірінше, холодецтің ең алғашқы үлгісі Қытайда пайда болған.

533–544 жылдар аралығында жазылған «Ци минь яо шу» атты еңбекте шошқаның сирақтарын баяу қайнату әдісі сипатталған. Алайда бірнеше ғасырдан кейін Францияда пайда болған желе секілді, бұл тағамда алғашында етті ұзақ уақыт сақтаудың бір жолы болған.

960–1279 жылдары билік құрған Сун әулеті тұсында тағамның рецепті жетілдіріліп, оған зімбір, сарымсақ және сірке суы негізіндегі тұздықтар қосыла бастаған. 1618–1683 жылдардағы маньчжур жаулап алуынан кейін елде шамамен 300 жыл билік құрған Цин әулеті тұсында бұл тағам Қытайдың барлық өңіріне таралған.

ДӘСТҮРЛІ СИЫР ЕТІНЕН ХОЛОДЕЦ

Құрамы:
1 кг сиырдың асықты жілігі немесе сирағы
500 г сиыр еті
1 пияз
1 сәбіз
3-4 түйір сарымсақ
2 лавр жапырағы
Тұз, қара бұрыш



Дайындалуы:
Етті жуып, суық суға салып қайнатыңыз.
Қайнаған соң көбігін алып, баяу отта 5-6 сағат пісіріңіз.
Соңғы сағатта пияз, сәбіз, лавр жапырағын қосыңыз.
Етті сүйектен ажыратып, тураңыз.
Сорпаны сүзіп, сарымсақ қосыңыз.
Етті ыдысқа салып, үстіне сорпа құйыңыз.
Тоңазытқышта 6-8 сағат ұстаңыз.

ТАУЫҚ ЕТІНЕН ЖЕҢІЛ ХОЛОДЕЦ

Құрамы:
1 бүтін тауық
2 тауық сирағы
1 сәбіз
1 пияз
3 сарымсақ түйірі
Тұз, бұрыш
Қажет болса 20-25 г желатин



Дайындалуы:
Тауықты 2,5-3 сағат баяу қайнатыңыз.
Етті сүйегінен ажыратыңыз.
Сорпаны сүзіп, қажет болса ерітілген желатин қосыңыз.
Етті ыдысқа орналастырып, сәбіз бен көк шөппен безендіріңіз.
Сорпа құйып, тоңазытқышқа қойыңыз.

Холодецтің жақсы қатуының 5 құпиясы:
Сиыр сирағын міндетті түрде қосыңыз.
Су мөлшерін көп қылмаңыз. Су етті тек жауып тұратындай болсын.
Баяу отта ұзақ қайнатыңыз.
Сорпаны қатты араластырмаңыз.
Қайнатылған сорпаны тексеру үшін бір шай қасық сорпаны кішкентай ыдысқа құйып, тоңазытқышқа 15–20 минут қойыңыз. Жабысқақ, қою болып ұйыса, сорпа дайын.

ӘДЕМІ БЕЗЕНДІРІЛГЕН МЕРЕКЕЛІК ХОЛОДЕЦ

Құрамы:
700 г тауық еті
300 г сиыр еті
2 қайнатылған жұмыртқа
1 сәбіз
100 г жасыл бұршақ
20-25 г желатин
Тұз, сарымсақ

Дайындалуы:
Етті пісіріп, тураңыз.
Жұмыртқа мен сәбізді дөңгелектеп кесіңіз.
Қалыптың түбіне әдемілеп сәбіз, жұмыртқа, бұршақ орналастырыңыз.
Үстіне ет салыңыз.
Сорпаға ерітілген желатин қосып, қалыпқа құйыңыз.
Тоңазытқышта 5-6 сағат қатыртыңыз.



<u>Холодецтің жақсы қатуы үшін 3 кеңес</u>
Сорпаны қатты бұрқылдатпай, баяу қайнатыңыз.
Сорпа ет пен сүйектің табиғи желімтекті бөліктерінен қоюланады. Егер сорпа өздігінен қатпаса, желатин қосуға болады. Желатинді қаптамадағы нұсқаулыққа сай қолданыңыз.
Желатинсіз табиғи холодец – ең дәмді әрі дәстүрлі тәсілдердің бірі. Қазақы етпен, әсіресе жылқы еті, қазы және сиыр сирағын қосып дайындасаңыз, сорпасы табиғи түрде қатып, өте дәмді болады.

ҚАЗАҚША ЖЕЛАТИНСІЗ ТАБИҒИ ХОЛОДЕЦ

Құрамы:
Сиыр сирағы – 1,5 кг
Сиырдың асықты жілігі – 500 г
Жылқы еті – 500 г
Қазы – 300 г
Сәбіз – 1 дана
Пияз – 1 дана
Сарымсақ – 5 түйір
Тұз – дәміне қарай
Қара бұрыш – 8-10 түйір
Лавр жапырағы – 2 дана
Су – шамамен 3–3,5 литр

Кімдер абайлап жеуі керек?

✓ Қан қысымы жоғары адамдар – тұз мөлшерін шектеуі керек.

✓ Холестерині жоғары адамдар – майлы ет пен қазыны азайтқаны дұрыс.

✓ Бүйрек ауруы бар адамдар – ақуыз бен тұз мөлшерін дәрігермен келісуі қажет.

✓ Артық салмағы бар адамдар – майлы сорпаны және үлкен порцияны шектегені жөн.

Дайындалуы:
1-кезең. Етті дайындау
Сиыр сирағын жақсылап тазалап жуыңыз.
Еттерді суық суға 2-3 сағат салып қойыңыз.
Суды төгіп, етті қайта шайыңыз.

2-кезең. Қайнату
Етті қазанға салып, үстінен 3–3,5 литр су құйыңыз.
Қайнаған кезде көбігін алыңыз.
Ең баяу отта 5–7 сағат қайнатыңыз.
Сорпа қатты бұрқылдап қайнамауы керек.

3-кезең. Дәмдеу
Соңғы 1,5 сағатта жылқы етін қосыңыз.
Соңғы 1 сағатта сәбіз бен пияз қосыңыз.
Қазыны бөлек пісіріп алыңыз.
Дайын болуына 20-30 минут қалғанда тұз, бұрыш, лавр жапырағын қосыңыз.

4-кезең. Етті орналастыру
Етті сүйектен ажыратыңыз.
Ұзынша немесе майдалап тураңыз.
Қазыны дөңгелектеп кесіңіз.
Ыдыстарға етті орналастырыңыз.
Ұсақталған сарымсақ қосыңыз.
Сорпаны бірнеше қабат дәке немесе ұсақ сүзгі арқылы өткізіңіз.
Еттің үстіне сорпаны құйыңыз.

5-кезең. Қатыру
Алдымен бөлме температурасында аздап суытыңыз.
Тоңазытқышқа қойыңыз.
6–10 сағат ұстаңыз.
Міне, желатинсіз табиғи холодец дайын!